



«НАУРЫЗНАМА»

Биылдан бастап көктем мейрамы жаңаша тойланады

2

Almaty

AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №22 (6473) 15 наурыз, жұма, 2024 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

«ҰЛЫ ДАЛА ДӘМІ»

Қазақстанда алғаш рет ұлттық жоба қолға алынды



Елімізге Амал мерекесі келді. Бұл – Ұлы даланың төл күнтізбесіндегі көктемнің алғашқы амалы, әрі Әз-Наурыз бен көктемнің хабаршысы. Осыған орай, «Alatau Aqparat» медиахолдингі «ҰЛЫ ДАЛА ДӘМІ» ұлттық жобасын ұйымдастырды. Амал мен Наурыз сынды төл мерекелерге жаңа мазмұн беретін мұндай жоба елімізде алғаш рет өткізіліп отыр.

Жаңару мен жаңғырудың символы болған Наурыз сынды төл мерекемізді мазмұнын байыта отырып жаңаша атап өту туралы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та айрықша атап өткен болатын. «Alatau Aqparat» медиахолдингі ұйымдастырған жоба да ұлттық мерекенің мазмұнын байытып, жұрт асыға күтетін жалпыұлттық мерекеге айналдыруды көздейді.

Жоба бастамашысы – «Alatau Aqparat» медиахолдингі. Оның Бас директоры Ержан Қалымбайұлы: «Негізгі мақсатымыз – Әз-Наурызды әсіресе, балалар асыға күтетін басты мерекеге айналдыру. Ұлыстың ұлы күнін айрықша атап өтуде жаңа құндылықтар мен дәстүр қалыптастыруға өз үлесімізді қосқымыз келеді», – дейді.

8-9

КӨКТӨБЕДЕГІ КӨРІСУ



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Амал жұлдызы туған жаңа күнді алматылықтар киелі Көктөбеде қарсы алды. Өйткені, Ұлыстың ұлы күнінің бастауы Амал күні – Көрісу күнінде жатыр. Көрісу күні 14 наурыз күні жаңа күнді қарсы алудан басталады. Ата-салт дәстүрге сүйенсек, ауыл маңындағы биік төбеге шығып, көрісіп, наурыздың алғашқы күнін қарсы алу қазақ елінде бертінге дейін болған.

Алып шаһарымыз Алматыда «Көктөбедегі амал күні» атты көрісу күніне арналған концерт өтті. Наурыздың алғашқы мереке күнінде қала тұрғындары Іле Алатауының бөктеріндегі көрікті жерде орналасқан төбеге жиналды. Жалпы тарихқа сүйенетін болсақ, ата-бабамыз әрдайым көрісу күнін төбелі жерлерде өткізген. Алматы қаласы

әкімдігінің ұйымдастыруымен өткен мерекелік концертке «Жігіттер» квартеті, «Алатау серілері», Мөлдір Әуелбекова, Айгүл Қосанова және Алатау дәстүрлі өнер театрының актерлері қатысты. Жалпы мерекелік іс-шараның маңызы жайында Алматы қаласы Мәдениет басқармасының басшысы Ғани Майлыбаев атап өтті.

4

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

15.03.2024

Түнде:

-7-9 °C
Көшпелі бұлтты,
қар.

Күндіз:

0,-2 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с

16.03.2024

Түнде:

-7-9 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:

+3+5 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

www.almaty-akshamy.kz



0 745178 614887 >



● ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ

«НАУРЫЗНАМА»

Биылдан бастап көктем мейрамы жаңаша тойланады

Елордада ОКҚ алаңында өткен брифингте Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитеті төрағасының орынбасары Сәбит Барлыбаев биылдан бастап Наурыз мейрамының қарсаңында оның мән-мағынасы мен мазмұнын байыту үшін жыл сайын 14–23 наурыз аралығында Наурызнама онкүндігін жариялау ұсынылып отырғанын айтты.

«Тарихта Наурызды тойлау 8-9 күнге жалғасқан. Оны «Наурызнама» деп атаған. Бұл туралы деректер ұлы философ-жазушыларымыз Махмұд Қашғаридің, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының, Абай Құнанбайұлының, Мұхтар Әуезовтің еңбектерінде жазылған. Жалпы, еліміз бойынша 10 мыңнан астам бұқаралық, мәдени іс-шара ұйымдастырылады», – деді Сәбит Барлыбаев.

НАУРЫЗНАМА онкүндігі:

■ **14 наурыз – Көрісу күні – Амал мерекесі.** Негізінде еліміздің батыс өңірлерінде сақталған мереке енді барлық аймақта тойланады.

■ **15 наурыз – Қайырымдылық күні.** Бұл күн қайырымдылыққа, мейірім мен тату көршілікке арналады.

■ **16 наурыз – Мәдениет**

және ұлттық салт-дәстүр күні. Бұл күн мәдениетімізді, өнеріміз бен ұлттық құндылықтарымызды насихаттауға арналады.

■ **17 наурыз – Шаңырақ күні.** Осы күні отбасылық құндылықтарымызды дәріптеуге, өнегелі ұрпақ тәрбиелеген үлгілі отбасыларға арналған мәдени іс-шаралар ұйымдастырылады.

■ **18 наурыз – Ұлттық киім күні.** Наурызнаманың онкүндігінде еліміздің барлық өңірінде ұлттық киімдерімізді насихаттауға бағытталған түрлі іс-шаралар өткізіледі.

■ **19 наурыз – Жаңару күні.** Осы күні көктемгі ағаш егу дәстүрін жалғастыру ұсынылды.

■ **20 наурыз – Ұлттық спорт күні.** Бұл күні елдің барлық аймағында ұлттық спорттан түрлі жарыстар ұйымдастырылады.

■ **21 наурыз – Ынтымақ күні.** Бұл күннің идеясы – жалпы



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

халық бір-біріне деген сый-құрметтерін арттырып, татулық пен бірлікті насихаттау.

■ **22 наурыз – Жыл басы.** Бұл күні еліміздің барлық өңірін

де жалпыхалықтық мәдени-спорттық іс-шаралар өткізіліп, стильді этноауылдар мен түрлі жәрмеңкелер ұйымдастырылады.

■ **23 наурыз – Тазару күні.**

Әзірлеген Нұр ЖАМАЛ.

● САРАПТАМА

ҮКІМЕТ 40 КҮНДЕ ҚАНДАЙ ЖҰМЫС АТҚАРДЫ?

6 ақпанда Жаңа Үкімет жұмысқа кірісті. Оның тізгінін Олжас Бектенов қолға алды. АҚШ-та жаңадан сайланған президенттердің жұмысына баға берудің өзіндік дәстүрі қалыптасқан. Сарапшылар 100 күндегі атқарған жұмысын бағалайды. Бізге де осындай дәстүр қалыптастыру қажет. Әне-міне дегенше, атқарушы биліктің жұмысқа кіріскеніне 40 күн өте шықты. Қазақта 40 саны киелі. Ендеше, осы уақытта Үкімет қандай жұмыс атқарды деген сұраққа жауап іздеп көрейік.

БАСТЫ МАҚСАТ

Жаңа Үкімет жасақталғаннан бүгінге дейін Президенттің қатысуымен бір рет кеңейтілген отырыс өтті. 7 ақпанда Қасым-Жомарт Тоқаев Үкімет алдына нақты мақсат қойып, оған жету үшін түрлі міндеттер жүктеді. Басты мақсат – 2029 жылға қарай экономиканың көлемін 450 миллиард долларға жеткізу. Ол үшін жалпы ішкі өнім жылына 6%-дан жоғары өсуі тиіс. Бір қарағанда, оған жету мүмкін емес сияқты. Себебі, айналасы 5 жылда ЖІӨ-ді екі есеге арттыру күрделі шаруа. Бірақ экономиканың негізгі драйверлеріне арқа сүйейтін болсақ, мақсатқа жетуге болады.

Сонымен қатар, Үкіметке келесі міндеттер жүктелді:

1. Бюджет және салық саясатының тиімділігін арттыру. Қазір бюджет саясатында оның тапшылығы мен оны бөлуде кемшіліктер бар. Салық саясаты әзірленіп жатқан кодекс арқылы ретке келуі тиіс. Онда инвесторларға қолайлы жағдай жасалуы қажет.

2. Инвестициялық штабтың жұмысын жандандыру қажет. Мұнда ішкі және сыртқы инвесторлармен жұмыс істеу маңызды. Оны жүзеге асыру Үкімет пен әкімдердің мойнында.

3. Мемлекеттік сатып алу, мемлекет пен жекеменшік серіктестігі, құрылыс саласын реттеу жүйесін реформалау. Құрылыс саласы экономикамыздың негізгі драйвері. Бір қызығы, дәл осы салаға азаматтардың көңілі толмайды. Сондықтан салалық реформаны кешенді жүзеге асыру қажет.

4. Тағы бір маңызды тапсырма экономиканы ырықтандыру. Бұл бағытта бақылаусыз монополияны, ресурстарды әділетсіз бөлуді, бәсекенің заңсыз тәсілдерін

қолдануды түбірімен жою қажет. Кейбір нарықтағы ірі ойыншылар өзіне бәсеке тудырмауға тырысады. Экономикадағы бәсекенің болмауы ұлттың табысты болуына кері әсер етеді.

5. Экономиканың негізгі салалары өндірісті дамыту, ауыл шаруашылығы, коммуналдық-энергетикалық сектор, көлік-логистика әлеуетін тиімді пайдалану қажет. Сонымен қатар, реформаның бәрі цифрландырумен қатар жүруі керек.

6. Әлеуметтік сала бойынша Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметке, әкімдерге және «Самұрық-Қазына» қорына «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» және «Жайлы мектеп» ұлттық жобаларын жүзеге асыруға кедергі болып отырған барлық мәселені дереу шешуді тапсырды.

НҰРЛАН БАЙБАЗАРОВ ПРЕМЬЕРДІҢ ОҢ ҚОЛЫ МА?

Үкіметтегі ауыс-түйіс кезінде 4 жаңа мүше қосылды. Олар Премьер-министрдің орынбасары – Экономика министрі Нұрлан Байбазаров, Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлнazarова, Қаржы министрі Мәди Такиев және Төтенше жағдайлар министрі Шыңғыс Әрінов. Ш. Әрінов пен А.Әлнazarованың тағайындалуының себебі түсінікті. Соңғы кездері экс-министрлерге сын көп айтылған еді.

Мәди Такиевті ауыстырғаны экс-министр Ерұлан Жамаубаев бұрынғы Премьер-министр Әлихан Смайыловтың арқа сүйейтіні еді. Сонымен қатар, қаржы саласына сын да болды.

Ал билікке Нұрлан Байбазаровтың келуінде ерекше саяси мән бар. Ол бұл орынға келгенге дейін «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ басқарма төрағасы қызметін атқарған. Биыл 31 қаңтарда



Президенттің қабылдауында болды. Бұл Әлихан Смайыловтың үкіметі кеткенге дейін, оның Экономика министрі, әрі жаңа премьердің орынбасары болатыны туралы белгі еді. Ә.Смайыловтың кезінде экс-экономика министрі Әлібек Қуантыровтың қолында қазіргі министрдегідей өкілеттілік болған жоқ. Н.Байбазаровқа кең өкілеттілік берудегі басты себеп экономика саласында күрделі мәселелер бар, әрі ЖІӨ екі еселеу осы министрге байланысты.

БЕЛСЕНДІЛІК БАЙҚАЛАДЫ

Үкімет басшысы Олжас Бектенов пен оның орынбасарлары жұмысты белсенді түрде бастады. О.Бектенов бүгінге дейін 4 өңірге жұмыс сапарымен барды:

- 14 ақпан – Қарағанды облысы.
- 23 ақпан – Батыс Қазақстан облысы.
- 6 наурыз – Павлодар облысы.
- 14 наурыз – Түркістан облысы.

Республикалық маңызы бар қалалардан 28 ақпанда Астананың нысандарын аралады. Әзірге өзге қалаларға барған жоқ.

Халықаралық әріптестік бойынша 4 шарада болды: 15 ақпанда «Шеврон» компаниясының өкілдерімен, 4 наурызда РФ Үкіметінің төрағасы Михаил Мишустинмен, 13 наурызда Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының Еуропалық өңірлік бюросының директоры Ханс Клюгемен

және Қытай Халық Республикасының Қазақстан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Чжан Сяомен кездесу өткізді.

Сонымен қатар, түрлі мәселелер бойынша 5-тен аса үкімет отырыстарын өткізді. Тағы бір айта кететіні, О.Бектенов бұқаралық сипаттағы шараларға аз қатысты.

Бұдан бөлек, кабмин басшысының орынбасарлары белсенді жұмысқа кіріскенін атап өткен жөн. Мысалы, Серік Жұманғарин осы уақытқа дейін 15-ке жуық іс-шарада басшылық еткен. Екінші орынға 10-нан аса іс-шарамен Тамара Дүйсенова жайғасты. Бірінші орынбасар Роман Скляр бұл бағытта белсенді емес. Себебі де түсінікті. Ол инвестициялық штабтың жұмысына жауапты. Қарап тұрсақ, ең маңызды жұмыс. Инвестициялық жұмыс бойынша ол бүгінге дейін 3 іс-шара өткізген.

Пердехан
ШӘМШИЕВ,
сарапшы.



КЕДЕРГІСІЗ ОРТА

АЛМАТЫ – ТЕҢ МҮМКІНДІКТЕР ҚАЛАСЫ

Ерекше қажеттілігі бар адамдарды әлеуметтік қолдау жұмыстары қарқын алды



Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев қаланың инклюзивті ортасын дамыту жөніндегі кеңестің I отырысын өткізді. Онда ерекше қажеттіліктері бар адамдардың құқығын іске асыру үшін оларды әлеуметтендіру және қоғамға интеграциялауда тең мүмкіндіктер жасау мәселелері қаралды.



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Кеңестің құрамына барлық санаттағы ерекше қажеттіліктері бар адамдардың мүддесін жеткізетін қоғамдық бірлестіктердің басшылары, адам және бала құқықтары жөніндегі уәкілдер, мәслихат депутаттары, Қоғамдық кеңес мүшелері, мемлекеттік органдардың басшылары енді. Кеңесті қала әкімі Ерболат Досаев басқарады, төрағаның орынбасары – қала әкімінің инклюзия мәселелері жөніндегі штаттан тыс кеңесшісі Қасиет Омарова.

Отырыс барысында қаланың әлеуметтік-экономикалық саласына инклюзивті қағидаттарды енгізу мәселелері талқыланды.

«Бүгінде Алматыда ерекше қажеттіліктері бар 58 мыңнан астам адам тұрады, оның 9 мыңы – біздің балаларымыз. Әрбір азаматтың еркін дамуға, оқуға, жұмыс істеуге және сүйікті қаламыздың көркеюіне өз үлесін қосуға мүмкіндігі бола отырып, өзін қоғамның толыққанды мүшесі ретінде сезінуі маңызды», – деді Ерболат Досаев жиынға қатысушыларға арнаған сөзінде.

Сондай-ақ, қала әкімі инклюзивті қаланың қолжетімді және сапалы әлеуметтік инфрақұрылымы бар тең мүмкіндіктер қағидаттарын енгізу Алматы қаласы әкімдігі жұмысының басты міндеті екендігін атап өтті. Дәл осындай мақсат Алматы қаласын дамытудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасында және 2030 жылға дейінгі орта мерзімді перспективада көрініс тапқан.

Қала әкімінің тапсырмасы бойынша мүмкіндігі шектеулі азаматтардың, оның ішінде ерекше қажеттіліктері бар балалардың денсаулығын бақылау, оңалту және әлеуметтендіру іс-шаралары іске асырылуда. Мәселен, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында 2023 жылы ҰЕҰ 500-ден астам баланы қамти отырып, оңалтудың интеграцияланған моделі бойынша «ерте араласу» пилоттық жобасын іске асырды. Сонымен қатар, тәуекел тобындағы балалар мен церебральды сал ауруы бар балалар тізілімінің бірыңғай базасы құрылады.

Қаланың Перинатология және балалар кардиохирургиясы орталығының базасында 2023 жылы «Бір терезе» қағидаты бойынша жүктілікті қорғау орталығы ұйым-



- Былтыр қала әкімдігі ерекше қажеттілігі бар 433 адамды 1390 млн теңге сомасында инновациялық-техникалық құралдармен қамтамасыз етті. Олардың ішінде 150 протез, 200 отыратын арба, 76 сөйлеу процессоры және 7 сүйек өткізгіштігі бар есту аппараты бар.
- Биыл 400-ден астам адам инновациялық оңалту құралдарымен қамтылады. Өтініш берушілердің 95%-ын қамтамасыз ету жоспарлануда. Осы мақсатқа 1,3 млрд теңге бөлініп отыр.
- Енді қаланың 8 ауданында да ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға көмек көрсету үшін мектепке дейінгі ұйымдар базасында «Ерте араласу қызметі» ашылады. Бұл қызметтің құрамына 56 маман кіреді: трансдисциплинарлық маман, даму педиатры, психолог, арнайы педагог, сенсорлық интеграция жөніндегі маман, логопед, кәсіби терапевт.



дастырылды. Онда өткен жылы 1,8 мыңнан астам жүкті әйелге кеңес берілді. 2024 жылы елімізде алғаш рет туа біткен ақаулар мен хромосомалық патологияларды уақытылы анықтау үшін «Бір күндік клиника» жобасы іске асырылды. Биыл 10 мың жүкті әйелді қамту жоспарлануда.

Ерекше қажеттіліктері бар балаларды құрдастарының ортасына қосу мақсатында психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардан өту мерзімдерін қысқарту жөнінде іс-шаралар қабылданды. Мәселен, 100 мыңнан астам бала тұратын Алатау және Әуезов аудандарында

консультациялардың филиалдары ашылды. Алатау, Наурызбай аудандарының түзету кабинеттері оқушылардың инновациялық шығармашылық орталықтарының жаңа ғимараттарына орналастырылды, педагог кадрлардың құрамы ұлғайтылды. Бұл тексеруден өту мерзімін 30-дан 15 күнге дейін қысқартуға мүмкіндік берді.

Былтырғы қазаннан бастап ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған 15 ұйымда 1400 орынды мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылды.

Инклюзия үшін жағдай жасау іс-шаралары аясында өткен жылы 433 адамға арналған инновациялық техникалық оңалту құралдары қосымша сатып алынды. Жалпы, былтыр техникалық оңалту құралдарымен қамту 90%-ды құрады. Ал биыл 95% қамтуды қамтамасыз ету жоспарлануда. Бұл ретте жергілікті бюджет есебінен инновациялық қаражатты қосымша сатып алу бағдарламасы да жалғастырылатын болады.

Қала әкімінің тапсырмасы бойынша «Яндекс.Такси» арнайы көлік саны 64-тен 100-ге дейін ұлғайтылды, қызметті 2 мыңнан астам адам пайдаланады, оның 800-і бала.

Кедергісіз орта құру және мүмкіндігі шектеулі жандардың мобильділігін арттыру мақсатында өткен жылы Алматыда алғаш рет 7,5 мың инфрақұрылым нысанына паспорттау жүргізілді. Биыл тағы 15 мың нысанды зерттеу жоспарлануда. Биыл ерекше қажеттіліктері бар алматылықтар үшін 750 нысанды бейімдеу жоспарлануда.

Ерекше қажеттіліктері бар қала тұрғындарының өзін-өзі бейімдеуін және өмір сүру сапасын арттыру үшін жалақының кемінде 70%-ын субсидиялау, сондай-ақ жұмыс берушілердің арнайы жұмыс орындарын жабдықтауға арналған құрылымдарды сатып алуға және орнатуға жұмсаған шығындарын өтеу көзделген.

Отырысқа қатысушылар кеңестің биылға арналған жұмыс жоспарын талқылады. Оған медициналық қызметтердің қолжетімділігі; инклюзивті білім беру және спорт мәселелері кіреді. Сонымен қатар, кеңес мүшелері қалалық инфрақұрылым нысандарының қолжетімділігін зерттеуді жалғастырады, инклюзивті туризм және қоғамда инклюзивті мәдениетті қалыптастыру мәселелерін зерттейді.

«Біздің жұмысымыздың басты қағидаттары – инклюзивті қоғамды қалыптастыру игілігі жолында бұл іске кеңестің әрбір мүшесін кеңінен тарту, конструктивтілік және тиімділік. Қала тұрғындарының алдында даму, оқу, жұмыс үшін тең жағдай жасау үшін мүмкіндіктерді пайдалануда және өкілеттіктерді ғана емес, сонымен қатар жауапкершілікті де күшейтуге шақырамын. Әрбір қала тұрғынының Алматының өркендеуіне өз үлесін қосу үшін өзін-өзі бейімдеуге мүмкіндігі болуға тиіс», – деп қорытындылады сөзін Ерболат Досаев.



ДӘСТҮР



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

КӨКТӨБЕДЕГІ КӨРІСУ

Ернұр
РЫСБАЙ

(Басы 1-бетте)

«Осы жылы Наурыз мерекесін орталықтандырылған форматта атап өту жоспарланған. Алдағы он күн бойы жоғары деңгейде тойланатын болады. Бұл тек Алматы қаласында ғана емес, барлық қалаларда ұйымдастырылып отыр. Бүгін қаламызда Көрісу күніне орай «Көктөбедегі амал күні» атты мерекелік концерт ұйымдастырылып отыр. Наурыз мерекесі қарсаңында 14–23 аралығында 500-ге жуық іс-шара өткізіледі.

Бұл мерекеге қаламыздың барлық аудандары, өнер орталықтары, театрлар мен мәдениет басқармасына қарасты орындар атсалысады. Жалпы, мұндай іс-шараларды жақсылықтың нышаны деп атай аламыз. Наурыз мерекесі елді татулыққа, оң амалдар жасауға, тазалыққа және ел арасында ауызбіршілікке шақыратын біршама тақырыптық

күндерге бөлініп отыр. Кез келген тұрғын өз ауданында өтетін іс-шараларға қатыса алады», – деді Ғани Майлыбаев.

Салт-дәстүрімізге сәйкес «Амал» мерекесінде қол алысып, жылы құшақпен амандасу, үлкендерден бата алысып, бір-біріне жақсы сөздер айту әдетке айналған. Осы жайында концерттік мерекенің продюсер-сценаристі Базарбек Атығай пікір білдірді.

«Жалпы, Көктөбе сөзінің мағынасы тереңде жатыр. Бұл қасиетті көк сөзінен шықса керек, аспанмен байланысты дегенді білдіреді. Ата-бабамыз Ақтөбе, Қаратөбе, Мәртөбе сияқты биік жерлерде ұйымдастырған. Бүгінгі күнді «Амалдың күні», «Амалдың жұлдызы туған күн» деп атайды. Бұндай деректер Мәшһүр Жүсіптің, Абай Құнанбаевтың, Жүсіпбек Аймауытовтың шығармаларында көптеп кездеседі. Мағынасы кеңінен ашылып жазылған. Наурыз деген діни мереке емес. Бұл жалпы халықтық, табиғаттың мерекесі. Ата-бабаларымыздың биосфералық көзқарасын көрсететін, 5000 жылдық тарихы бар мейрам. Кез келген ұлтты тұтастыратын, оны ұйыстыратын жақсы дәстүрлердің жаңғырғаны керек. Жалпы көненің жаңғырып жатқаны ұлт үшін, келешек ұрпақ үшін маңызды жағдай», – деді Б.Атығай.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Қазіргі Іле Алатауының бөктерінде орналасқан Көктөбенің тарихында 1950 жылға дейін «Жаңа күнді қарсы алу» дәстүрі болған. Биыл екінші рет Көктөбеде өтіп жатқан Амал күні – Көрісу күнін қарсы алу ілгерідегі дәстүрді жаңғырту десек, артық айтқандық болмас. Дәл осылай еліміздің түкпір-түкпірінде жаңа күнді қарсы алу рәсімі өтті. Ал Маңғыстаудағы Отпан тауында «Амал гүлінің» алауы жағылды. Осылайша барлық қазақстандықтар елге де, жерге де жылулық алып келетін Жаңа жылдың жаңа күнін бірігіп қарсы алды.

ЖЫЛ БАСЫ

БІРЛІК ПЕН ІЗГІЛІКТІҢ ДӘСТҮРІ

Бұл күнде қасиет бар



Кеше еліміздің әр өңірі, әсіресе, батыс облыстары бірлік пен ізгіліктің мерекесі – Көрісу күнін атап өтті. Жылдың басы – Әз-Наурызды көрісумен бастады.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

түсерде бір тоя жедім, қыс шыққанда бір тоя жедім деген мағынада айтса, «Амал келді, Отпан тауда от жанды» сөзі дәстүрлі мереке Маңғыстау облысындағы теңіз деңгейінен 532 метр биікте орналасқан Отпан таудың басында басталатынын

мензейді. Көрісу күніне қараған түні жыл сайын Отпан тауда «Бірлік оты» жағылып, жұртшылық Наурыз мейрамын атап өтеді. Наурыздың 13-інен 14-іне қараған түнде Ай мен Амал жұлдызы бір сызықтың бойына теңеседі екен. Бұл – ғылыми дәлелденген теория. Кейінгі жылдары көктем мерекесінің аясы кеңейіп, еліміздің басқа өңірлерінде Наурыз мейрамының бастамасы ретінде тойланып жүр. Шат-шадыманға, ақ батаға толы мерекеде мәресіре болған жұрт осы қарқынмен 22 наурызды қарсы алады.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Акеділ ТОЙШАНҰЛЫ,
этнограф, ғалым, филология ғылымының кандидаты:

АМАЛ ЕМЕС, КӨРІСУ МЕРЕКЕСІ

Әз-Наурыздың жаршысы секілді көрісу рәсімі жасалатын шуақты мейрамды «Амал мерекесі» деп атауымыз – жансақтық, жасандылық. Қазақта «Амал мерекесі» деген болмаған. Кезінде журналистер солай бастап жазды да, содан бері қазір Көрісу күнін «Амал мерекесі» деп атап жүр. Кешелі бері көріп отырмын, бәрі фейсбукта «Амал мерекесі құтты болсын!» деген суреттерді бір-біріне жіберіп, осындай тілек айтып жатыр. Көрісу мейрамы – наурыздың басы. Бұл күні «Наурыз құтты болсын!» деуіміз керек. Кейбір деректерде мұны Байбақты Қазыбек күнгізбесі негізінде Қарт Наурыз келген көрісу күні деп атайды. Ал Жас Наурыз деген 22 наурызды орнықтырған әйгілі Омар Хаям.

Шәкәрім қажы баласы Ахат екеуі таудың басында, саят қорада наурыздың 14-і күні бір-бірімен құшақтасып, көріседі. Қазақстанның шығысында Наурыз мерекесін көрісумен қарсы алатынын осыдан аңғаруға болады. Ахмет Байтұрсынұовтың да қазақ жылдың басын 1–9 наурыз аралығында қарсы алатынын жазып кеткені бар.

Көрісу әдет-ғұрпы батыс өңірінде жақсы сақталған. Десек те, бұл салт кезінде бүкіл қазақ жерінде болған. Оның тағы бір дәлелі, Шәкәрім қажының «Ұлыстың ұлы күнінде...» деген өлеңіндегі «Ұлыс күні кәрі-жас, құшақтасып көріскен, жаңа ағытқан қозыдай жамырасып өріскен» деген жолдар. Абай да «Жазғытұры» деген өлеңінде «Қырдағы ел ойдағы елмен араласып, күлімдесіп, көрісіп, құшақтасып» деп айтады. Қар мен мұз еріп, адамның аяғы, алды босап, мал төлдеген, жауқазын гүлдеген шақта халқымыз «жазғытұрымыз келді, міне, Қыдырдың қамшысы көк мұзды, ақ қарды ерітіп жатыр» деп қуанып, бір-бірімен құшақтасып, көрісетін болған. Үлкен Наурызнаманың кішкентай рәсімін 22 наурыз – Ұлыстың ұлы күнінен бөліп-жаруға болмайды.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Бір-бірімен көрісіп жатып, жылы шыраймен өкпе-ренішті кешіріп, арадағы араздықты ұмытып, құт пен береке, амандық тілеп, қыстан шыққанымен құттықтау – ешбір ұлтта жоқ, жөні бөлек үрдіс. Айтулы күнде ғана айтылатын «Бір жасыңмен!» тілегінің де астарында дархан көңіл, кең пейіл мен мол мейірім жатыр.

Кезінде бұл сөздің мағынасын жете түсінбесек те, ауыл үлкендерінен естігенде шынымен де, сол күні бір жасқа есейіп кеткендей күй кешетінсің. «Бір жасыңмен!» тілегінің мағынасы «бір жасқа есейіп, осы жылға аман-сау жетуіңмен!» дегенді білдіреді.

Қазақтың нақыл сөздерінің арасында бұл мерекенің мән-маңызын білдіретін, көрісуге қарата айтылған тіркестер жетерлік. «Көктемеде бір тойдым, көбік қарда бір тойдым» деген сөз орамын қыс



ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК

Автобустар жаңарып жатыр



Алматыда 14 наурыздан бастап №126 бағытта «Қайырбеков/Жібек жолы – Диспетчерлік пункт» бойынша жүретін автобустар жаңартылып, жылжымалы бірліктері саны артты.

Мәселен, жүйелілікті қамтамасыз ету және жоспарланған интервалды 20 минуттан 6 минутқа дейін қысқарту мақсатында қалалық Мобильділік басқармасы 8 автобустың орнына 25 автобус шығару туралы шешім қабылдады.

Golden Dragon маркалы 12 метрлік жаңа автобустар заманауи құрылғылармен жабдықталған, оның ішінде кондиционер, бейнебақылау жүйелері және телефондарды зарядтауға арналған USB қосқыштар бар. Сонымен қатар, салон алдағы және келесі аялдамаларды көрсететін ақпараттық дисплеймен жабдықталған.

Бұл ретте босатылған автобустар басқа бағыттарды күшейтуге және «АлматыЭлектроТранс» автопаркінің резервтік құрамына жіберіледі.

Еске салсақ, өткен жылы мегаполис басшысы Ерболат Досаевтың тапсырмасы бойынша әкімдік 600 автобус пен 100 троллейбус сатып алып, 22 жаңа бағытты, оның ішінде 10 қала маңындағы бағытты ұйымдастырып, 50-ге жуық елдімекенді көлікпен қамтыған еді. Биыл тағы 600 автобус, 100 троллейбус және 100 электроавтобус сатып алу жоспарлануда.

БРИФИНГ

ЖАЛПЫҒА ОРТАҚ ДЕКЛАРАЦИЯ:

Алматы тұрғындары нені білуі керек?

Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында «Жалпыға бірдей декларацияның үшінші кезеңі» атты тақырыпта брифинг өтті. Негізгі міндет сыбайлас жемқорлық пен көлеңкелі экономика деңгейін төмендетуді көздейтін құжат шарттары туралы Алматы қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің өндірістік емес төлемдер басқармасының басшысы Қанағат Күлембаев айтып берді.

Қазақстанда кезең-кезеңімен жалпыға бірдей декларациялау енгізілген. ӨКҚ спикері 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап мемлекеттік қызметшілер мен оларға теңестірілген адамдар, сондай-ақ олардың жұбайлары «кіру» декларациясын тапсырғанын еске салды.

Екінші кезеңде 2023 жылы декларацияны мемлекеттік мекемелер мен квазимемлекеттік сектордың қызметкерлері, сондай-ақ олардың жұбайлары тапсырды.

Үшінші кезеңде 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап декларацияны заңды тұлғалардың басшылары мен құрылтайшылары (қатысушылары), жеке кәсіпкерлер, сондай-ақ олардың жұбайлары тапсырады.

Төртінші кезеңде 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап – азаматтардың қалған санаттары (мысалы, жеке құрылымдардың қызметкерлері, зейнеткерлер, үй шаруасындағы әйелдер, студенттер және басқалар) тапсырады.

– Активтер мен міндеттемелер туралы декларация (250.00-нысан) бір рет тапсырылады және 31 желтоқсандағы жағдай бойынша мәліметтерді көрсетеді, – деді Қ.Күлембаев.

2024 жылғы 1 қаңтардан бастап декларация тапсыруы тиіс:

– жеке кәсіпкерлер және олардың жұбайлары;

– заңды тұлғалардың басшылары, құрылтайшылары (қатысушылары) және олардың жұбайлары.

Бұл талап жұмысы жоқ және қызметін тоқтатқан адамдарға да қатысты.

Филиалдар мен өкілдіктердің басшылары 2024 жылы активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны ұсынуға міндетті емес, өйткені олар азаматтық заңнамаға сәйкес (ҚР МК 43-бабы) заңды тұлғалар болып табылмайды.

Спикердің айтуынша, кірістер мен мүлік туралы декларацияны тапсыру мерзімінің басталуына байланысты сіз қолданыстағы 270.00 нысаны бойынша міндеттемені орындауға құқылысыз.

«Егер 2024 жылы «қабылданған» және «бөлінген» мәртебесі бар кірістер мен мүлік туралы декларацияның қолданыстағы нысаны (270.00 нысаны) ұсынылса, онда 270.00 нысанындағы декларацияны қайта тапсырудың қажеті жоқ екенін білу маңызды», – деп атап өтті спикер.

Сондай-ақ, 2024 жылы кірістер мен мүлік туралы Декларацияны (270.00-нысан) 2021 жылдан 2023 жылға дейінгі кезеңде активтер мен міндеттемелер туралы Декларацияны (250.00-нысан) ұсынған барлық жеке тұлғалар тапсыратынын еске салды.

Тапсыру мерзімі – 2024 жылғы 15 қыркүйектен кешіктірілмеуі керек.

● БІЛЕ ЖҮРІҢІЗ!

2024 жылы жалпыға бірдей декларациялау шеңберінде жеке практикамен айналысатын адамдар, яғни нотариустар, адвокаттар, жеке сот орындаушылары және кәсіби медиаторлар декларация тапсырмайды.

● Сіз жеке кәсіпкер немесе қызметін тоқтатқан заңды тұлғаның басшысы екеніңізді немесе сенімсіз салық төлеушілер тізімінде екеніңізді Мемлекеттік кірістер комитетінің www.kgd.gov.kz интернет-ресурсының электрондық сервистеріне сілтемелер бойынша өз бетіңізше тексере аласыз.

● Декларацияны 2024 жылғы 15 қыркүйекке дейін тұрғылықты жері бойынша тапсыру қажет. Декларацияны «Салық төлеуші кабинеті», «Электрондық үкімет» веб-порталдары, «e-salyqazamat», Halyk, Bank CenterCredit мобильді қосымшалары арқылы ұсынуға болады.

● Сондай-ақ, азаматтар декларацияны қағаз тасымалдаушы пошта арқылы не келу тәртібімен ұсынуға құқылы.

● ЕСІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

Декларацияны уақытында өткізбеген азаматтарға алғашында ескерту жасалады. Егер ол бір жыл ішінде қайталанса – 55 380 теңге (15 АЕК) мөлшерінде айыппұл салынады.


● ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

ҚР ҚМ Мемлекеттік кірістер комитетінің сайтында «Жалпыға бірдей декларациялау» бөлімінде барлық ақпарат орналастырылған (<https://kgd.gov.kz/ru/content/vseobshchee-deklarirovanie-1-2>), оның ішінде декларацияны толтыру бойынша қадамдық нұсқаулық, ҚР-дағы өз активтерін тексеру бойынша бейне нұсқаулық та бар.

АБАТТАНДЫРУ

Қала жарқырай түсті

Есентай өзені арқылы өтетін көпірдің астына прожекторлар орнатылды



Мегаполисте көше жарығын қалпына келтіру жұмыстары жалғасуда. «Алматы Қала Жарық» қызметкерлері әл-Фараби даңғылындағы Есентай өзенінің көпір маңындағы кеңістігіне шамдар орнатты.

Естеріңізге сала кетейік, көпірді қайта жаңарту 2023 жылы қала әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасы бойынша, учаске техникалық сараптама нәтижелері бойынша апатты деп танылғаннан кейін басталған бо-

латын. Содан кейін олар жолдың ұзындығын кеңейтіп, жол төсемін нығайтты, жаяу жүргіншілер үшін арнайы баспалдақтар салынды. Жағалауда серуендеуге ниет білдірушілер қатары көбейген кезде АҚЖ-ға сыртқы жарықтандыруды жақсарту бойынша өтінімдер түсе бастады. Биыл ақпан айында «Алматы Қала Жарық» МКК бригадалары өзеннің екі жағынан Есентай өзені арқылы өтетін көпірдің астына 10 прожектор орнатты. Бұл Бостандық пен Медеу аудандарының аумағы. Сондай-ақ, 300 метр кабель тартылды.

«Қала бойынша жарығы жоқ учаскелерді «Алматы Қала Жарық» инспекторлары аудандарды аралау кезінде анықтайды. Сондай-ақ, мұндай учаскелер азаматтардың өтініші мен әлеуметтік желідегі посттарының мониторингі нәтижесінде анықталады. Көше жарығын қалпына келтіру жұмыстары жүріп жатыр, бұл процесс кезең-кезеңімен жүргізілуде», – деді «Алматы Қала Жарық» МКК басшысы Игорь Мысык.

Сондай-ақ, ақпан айында Есенжанов көшесіне, «Теректі» ықшамауданы мен Герцен көшесіне шамдар орнатылды. Бұған дейін осы учаскенің тұрғындары аллеяда жарықтың жоқтығын айтып, шағымданатын.

Естеріңізге сала кетейік, мегаполис тұрғындары «Алматы Қала Жарық» МКК диспетчерлік пунктіне көше жарығы бойынша өтінімді: 8 (727) 390-20-40; 8 (727) 390-20-60, 8 771 718 24 39, 8 771 718 24 56 нөміріне хабарласу арқылы қалдыра алады.

Бұған дейін хабарланғандай, Алматыда көше жарығы 2024 жылы 85%-ға қалпына келтіріледі. 2025 жылы бұл көрсеткішті 100%-ға дейін жеткізу жоспарда бар.

ЗАҢСЫЗ ҚҰРЫЛЫС



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

ТАЛАПҚА САЙ ЕМЕС

тағы бір тұрғын үй кешені сүрілді

Қала құрылысын бақылау басқармасының хабарлауынша, Алматыда «Мечта» тұрғын үй кешенін сүру жұмыстары басталды. Обсерватория көшесі, 104/4 мекенжайда орналасқан «Мечта» ТК салу кезінде көптеген бұзушылықтарға жол берілген. Атап айтқанда, тексеру кезінде 2 нүктеге рұқсат беру құжаттарының болмағаны және бүкіл нысан бойынша жобадан көптеген ауытқулар анықталған. Айта кетейік, нысанды сүруге соттың тергеу жұмыстары 2022 жылдан бері жалғасып келеді.

Тұрғын үй кешенінің өзі тұрғын үйді пайдалану және қызмет көрсету жөнінде нысаналы мақсаты бар жер учаскеде орналасқан. Осылайша жеке тұрғын үй ретінде салынған кешен арқылы құрылыс салушы қала тұрғындарына жалған мәлімет бере отырып, пәтерлерді сатуды жоспарлаған.

Бұған дейін басқарма ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігімен заңсыз құрылысты бақылауды күшейту бойынша бірлескен жұмыс аясында нысанға жоспардан тыс тексеру жүргізген болатын.

2022 жылдың 1 тамызы күнгі тексеру нәтижелері бойынша тапсырыс берушіге (жеке тұлғаға) қатысты ҚР ӨҚБТК сәйкес әкімшілік шаралар қабылданды және жіберілген бұзушылықтарды жоюға нұсқама берілді, алайда тапсырыс беруші өз кезегінде оны орындамады.

2022 жылдың 19 қазанында Медеу аудандық сотына нысанды бұзу туралы талап арыз жолданды, сонымен ұзақ мерзімге созылған сот талқылаулары жүргізілді. 2023 жылдың 20 шілдесінде Алматы қалалық сотының шешімімен нысанды бұзуға талап қанағаттандырылды.

2024 жылы 30 қаңтарда Жоғарғы соттың қаулысымен Алматы қалалық сотының 2023 жылғы 20 шілдедегі объектіні бұзу туралы қаулысы өзгеріссіз қалды. Айта кетерлігі, ТК бұрын БАҚ-да жылжымайтын мүлікті сатып алу үшін ұсынылмайтын нысан ретінде жарияланған және заңнама мен құрылыс нормаларының талаптарын бұза отырып салынған 54 таулы аймақтардағы нысандардың тізіміне енгізілген.

Бетті әзірлеген Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.



ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

ҚАРҚЫНДЫ ЖҰМЫС, ҚЫЗУ ДАЙЫНДЫҚ

Алматыда инженерлік желілерді қайта жаңарту жұмыстары жалғасады

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өңірлер әкімдерімен өткізген кеңес барысында халықтың жақсы өмір сүруіне тікелей ықпал ететін инфрақұрылымдық сипаты бар жүйелі мәселелерді шешуге айрықша назар аудару қажеттігін атап өткен болатын.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Дамыған инженерлік инфрақұрылым қаланың даму әлеуетін айқындайды. Сондықтан тіршілікті қамтамасыз ету жүйелерін салу және оларды уақытылы жаңартып отыру – міндет. Қаланың коммуналдық инфрақұрылымын жаңарту мақсатында Алматыда ағымдағы жылы бірқатар инженерлік коммуникацияларды жаңғырту жұмыстары қолға алынбақ. Мәселен, Бостандық ауданында 2024 жылдың қыркүйегіне дейін Есқараев көшесінде 662 метр жылумен жабдықтау желілерін қайта жаңарту жоспарлануда. Сонымен қатар, биыл ауданда 3,2 шақырым су құбыры және кәріз желілерінің құрылысы аяқталады. Ауданның жоғарғы бөлігінде тұратын қала тұрғындарын сапалы ауызсумен қамтамасыз ету үшін «Ерменсай» ықшамауданында өнімділігі тәулігіне 9 мың текше метр су жинау құрылысын салуға жобалау-сметалық құжаттама әзірленуде.

Сонымен қатар, «Нұрлытау» ықшамауданында да сумен жабдықтау және су бұру желілерін салуға арналған жобалау-сметалық құжаттама дайындалып жатыр. 2024 жылы құны 7 млрд теңге болатын жалпы ұзындығы 7,5 шақырым инженерлік желілерді қайта жаңарту жоспарлануда. Оның ішінде 500 метр кәріз желілері, 5,3 шақырым жылу желілері, сондай-ақ 1,7 шақырым орташа қысымды жерасты газ құбыры бар. Ағымдағы жылы жергілікті бюджет есебінен «Ремизовка» мен «Ерменсай»



шағынаудандарында 16 шақырым электр желілерін қайта құруды жүзеге асырмақ.

Ал инвестициялық жобалар шеңберінде 50 шақырым электр энергиясының кабельдік желілерін, 13 трансформаторлық және қосалқы станцияларға арналған үш тарату пунктін жаңғырту жоспарлануда. Сонымен қатар, 91 шақырым әуе электр желілері мен 105 ТП ағымдағы жөндеуден өтеді.

Бүгінде Наурызбай ауданын ауызсумен қамтамасыз ету ең өзекті мәселе болып тұр. Қазіргі таңда аудан тұрғындарын сапалы және үздіксіз сумен қамтамасыз ету бойынша белсенді жұмыстар жүргізіліп жатыр. Ағымдағы жылдың маусым айында «Ақжар», «Қарағайлы», «Тастыбұлақ» және «Таусамалы» секілді төрт шағынауданда 395 шақырым жаңа сумен жабдықтау және су бұру желілерінің құрылысын бастау жоспарлануда. 2024 жылдың сәуір айының соңына дейін «Шұғыла» шағынауданында қосымша күрделі және орташа жөндеуден үш шақырым электр беру желі-

лерін қамту және шағынауданға 22 трансформаторлық қосалқы станция орнату қолға алынады. Жыл соңына дейін қосымша ағымдағы жөндеуден 128 шақырым электр беру желілері мен 19 трансформаторлық қосалқы станцияларды қамту жоспарлануда. Бұдан басқа, биыл тағы 87 шақырым әуе және кабель желілерін жаңғырту, 3,5 мың сыртқы жарықтандыру шамдарын және 230 саябақ шамдарын ауыстыру көзделуде.

Әуезов ауданында биыл тағы 25 шақырым электрмен жабдықтау желілерін және 23 трансформаторлық және бір тарату қосалқы станциясын жаңғырту жоспарланған. Наурыз айында Төле би көшесіндегі, Саин көшесінен Момышұлы көшесіне дейінгі ұзындығы 1 шақырым су құбырын қайта жаңарту аяқталады. Бұдан басқа, бұрынғы «Восход», «Садовод», «Ардагер» бау-бақша серіктестіктерінің сегіз көшесінде 5,2 шақырым инженерлік желілер құрылысы аяқталу сатысында тұр. Қазіргі таңда абоненттерді қосу бойынша жұмыс-

тар жүргізілуде. Жандосов – Саин – Шалыпин және Қарғалы өзендерінің квадратында 20 шақырым сумен жабдықтау және 22 шақырым су бұру желілерін салудың ірі жобаларының бірін іске асыру жоспарлануда. Бұл бағыттағы құрылыс-монтаждау жұмыстары биыл мамырда басталады. Бірінші кезеңде 4,8 млрд теңге бөлінген. Ал екінші кезеңде мемлекеттік сараптама аяқталады деп күтілуде.

Медеу ауданында наурыз айынан бастап тәулігіне 15,7 мың текше метр суды тазартатын алты ұңғыма дейін істей бастайды. «Каменское плато» («Таусамалы») шағынауданында биыл 27 шақырым су тарату және 20 шақырым кәріз желілерінің құрылысы басталады. Мемлекеттік сараптаманың қорытындысы ағымдағы жылдың наурыз айында шығады. Ал құрылыс-монтаж жұмыстары шілде айында басталады.

Биыл «Кеңсай», «Көлсай», «Компот» және «Думан» шағынаудандарында 65,7 шақырым желінің құрылысы аяқталады. Ал 2025 жылы «Мұзтау», «Каменское плато», «Асқартау», «Малая станица», «Атырау» және «Сұлусай» шағынаудандарында 145,7 шақырым тарату желілерінің құрылысы басталады.

Алмалы ауданында 22 шақырымнан астам электрмен жабдықтау желілері мен 18 трансформаторлық қосалқы станцияларды жаңғырту жоспарланған. 2024 жылы 34 көше бойынша 17,8 шақырым сумен жабдықтау және су бұру желілерін қайта жаңарту және салу жоспарлануда. Сондай-ақ, биыл 800 метр жылумен жабдықтау желілерін қайта жаңарту және 18 учаске бойынша 3 шақырым жылумен жабдықтау желілерін қайта жаңартуға ЖСК әзірленуде.

Түркіб ауданында 223,7 шақырым сумен жабдықтау және су бұру желілерін салу және іске қосу жоспарда бар. 2024 жылдың 3-тоқсанында «Маяк», «Нижняя пятилетка» шағынаудандарында және Закарпатская көшесінде 187,3 шақырым су құбыры мен кәріз құрылысы аяқталады.

НАУРЫЗ ҚАРСАҢЫНДА

«NAURYZ-FEST»

Алматы жастары тағылымдық, танымдық фестиваль ұйымдастырады

Мегополисте 14–30 наурыз аралығында NAURYZ-FEST фестивалі өтеді. Оның аясында 57 іс-шара өтеді. Жастар фестивалінің қонақтарын қызықты, мерекелік бағдарламалар күтеді. Бұл туралы ӨКҚ алаңында өткен брифингте Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының өкілдері мен іс-шараларды ұйымдастырушылар хабарлады.

Нұржамал
ӘЛІШЕВА

«NAURYZ-FEST – жастардың өз бойындағы барын, әлеуетін ашып, әртүрлі жобаларда дарынын көрсетуге жол ашатын бірегей алаң. Фестиваль аясында өтетін жобаларымыздың ішінен әлеуметтік, көркем шығармашылық саласындағы жастарды анықтау, оларды қолдау және өнерін дамытуға дәнекер болатын байқауларды атап айтуға болады. Алматы жастарын осы фестивальге белсенді қатысуға шақырамын», – деді Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасы басшысының орынбасары Әзиз Қажденбек.

Мереке аясында көрініс табатын «Alma CUP-2024» турнирі де қызықты болатыны сөзсіз дейді ұйымдастырушылар. Бұл – шағын футбол, баскетбол, волейбол және эспорт сияқты командалық ойындарды



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

қамтитын жастар арасындағы спорт чемпионаты.

«Жобаның басты мақсаты – жастарды салауатты және спорттық өмір салтына шабыттандыру. Чемпионат 4 800 000 теңге көлеміндегі жұлде қорымен қаржыландырылады. Бұл жарысты одан да қызықты етері сөзсіз», – дейді брифинг спикері «ALMA CUP» жобасының жетекшісі Саламат Қабидаев.

Сондай-ақ, ол турнирдің Алматы қаласының барлық жоғары және орта оқу орындарының студенттерін біріктіретінін атап өтті.

«Елімізде спорт таланттары көп екеніне сенімдімін. Сондықтан «ALMA CUP» – бұл жас спортшыларға өз талантын көрсетуге

және үлкен спорттық жетістіктерге алғашқы қадамдар жасауға көмектесетін жоба», – деді С.Қабидаев.

Сонымен қатар, Жастар саясаты басқармасының қолдауымен «Алматы студенттер альянсы» корпоративтік қоры шығармашылық жастарға арналған «Jas Gala» байқауын ұйымдастырады. Ұйымдастырушылар атап өткендей, басты мақсат – шығармашыл жастарды анықтау, қолдау және ынталандыру.

«Іс-шараға Алматы қаласының жоғары оқу орындары мен колледждерінің студенттері қатыса алады. Жұмыстар жауапты тұлғаның ұсынысы бойынша қабылданады. Байқау 5 номинация, яғни вокал, хореография, мобилография, актерлік ше-

берлік және аспаптық музыка бойынша өтеді. Жұлде қоры 7,5 млн теңгені құрайды. Әр бағытқа 1,5 млн теңгеден», – деді «Jas Gala» жобасының үйлестірушісі Жұлдыз Жақсыбай.

Төрт турдан тұратын конкурста қатысуға өтінімдерді қабылдау 19 наурызда басталады. Қапы қалмаңыздар, жастар!

Сонымен қатар, фестиваль аясында ұйымдастырушылар қыркүйек айында Халықаралық студенттер күніне орай Алматы ЖОО студенттері арасында «Үздік студенттік топ» байқауын өткізеді.

Әзиз Қажденбек атап өткендей, былтыр жастар арасында үлкен қызығушылық тудырған «Youth Nomads» бірегей жобасы аясында «Алтын сақа» және «Арқан тарту» ұлттық ойындары бойынша жарыстар өтеді.

«Өткен жылы біз өзекті тақырыптар бойынша қызықты сайыстар мен пікірталастар ұйымдастырдық. «Адал ұрпақ» жобасы аясында «Жастар сыбайлас жемқорлыққа қарсы» және «Құқықтық білім беру – жастардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеті мен санасын қалыптастырудың негізі», «Жаңа ұрпақ – елдің болашағы» сияқты тақырыптар бойынша «дөңгелек үстелдер» және «meet-up»-тар ұйымдастыру бар», – деді ол.

Фестиваль аясында ақылды, білімді, ойы ұшқыр жастар үшін зияткерлік ойындар да ұйымдастырылады.

Алматы қаласының жастарын «NAURYZ-FEST» қызықты да танымдық фестиваліне қосылуға және жарқын сәттерді бірге жасауға шақырамыз.



ТАҒЫМ

Өтелген парыз



Жанасов Жанша Жанасұлы 1924 жылы 15 наурызда Қарағанды облысы, Ұлытау ауданының Қарсақпай ауылында дүниеге келген. Соғыс басталғанға дейін тоғыз сыныпты бітіреді. 1942 жылы 18 жасында әскер қатарына шақырылып, алдымен сержант мектебінде оқиды. Ол кісінің болашақ Батыр қазақ Рахымжан Қошқарбаевпен таныстығы осы жерден басталған-ды. Екеуі де сержант мектебінде, кейін Фрунзеде жаяу әскер – әскери училищесінде де бірге оқиды, майданға да бірге аттанады. Жанша 1-ші Беларусь майданының 23-гвардиялық дивизиясында, ал Рахымжан 150-дивизияда соғысқан. Жанша Жанасов маршал Георгий Жуковтың басшылығымен 1-ші Беларусь майданының атқыштар взводының командирі лауазымында шайқасты. Майдандас достар содан кейін соғыс аяқталғанда ғана қайта қауышады.

«Қазақстанның Құрметті құрылысшысы», Екінші дүниежүзілік соғыстың ардагері Жанша Жанасов көзі тірі болса, 15 наурызда 100 жасқа толар еді. Атақты Рахымжан Қошқарбаевтың майдандас досы болған, Польшаны азат ету үшін шайқасқан, Берлинді алуға қатысқан қазақ офицерінің ерлігі, бейбіт өмірде 60 жылдай еңбек еткен, үш бірдей мұнай өңдеу зауытының құрылысына атсалысқан Жанша Жанасұлының өмір жолы – жас ұрпаққа өнеге.

– Біз Магдебург қаласында кездейсоқ кездестік. Взводқа шекарадан өтуге тырысқан немістерді күзетіп, тұтқынға алу үшін шекара бөлімі берілді. Мен өзімнің учаскемді мотоциклмен аралап жүргенде кездейсоқ басқа взводтың учаскесіне кіріп кеттім. Сол жерде Рахымжанды кездестіріп, үш күн бойы бірге болдық. Кейін Германияда біраз уақыт бірге қызмет еттік. Ал елге аман-есен оралған соң, Алматыда жиырма жылдан астам уақыт жақын араласып кеттік, балаларымыз да жолдас болды, – деген еді ардагер бір естелігінде.

Жанша Жанасұлы взводмен бүкіл Еуропаны жүріп өтіп, Польшадағы шайқастарға қатысты. Әсіресе, Висла өзенін алу кезінде Варшава маңындағы шайқастар сұрапыл болды.

– Мен табанымнан сыз өте жүріп, бүкіл Еуропаны жаяу араладым. Негізінен орманда, жауын-шашынның астында, қар жастана ұйықтадық. Егер елдімекен кездессе, біз қуандық, өйткені жергілікті тұрғындар түнеуге кіргізетін. Бірінші ауыр сынақ – Висла өзенінен өту болды. Көпір жоқ, арғы жағаға қолдан жасалған понтондық көпірлер арқылы өттік. Жасырынатын жер жоқ, сен көпірде ашық нысана болып тұрасың, ал немістер болса, көктен де, жерден де оқ жаудырып жатыр, сол жағалаудан артиллериямен сұлатып, ал ұшақтардан бомбалайды. Бомба көпірге түскен кезде оны дереу жөндеуге кіріседі, қосымша тіректермен бекітеді, ал

сарбаздар күтуге мәжбүр, сол кезде тағы да оқтың астында қалды. Көбісі сол жерде қаза тапты. Бұл – жан берісіп, жан алысқан шайқас болды, – деп есіне алған еді соғыс ардагері сұхбаттарының бірінде.

Взводты басқарған жас офицер сол жолы «Варшаваны азат еткені үшін» медалімен марапатталады. Жанша Жанасұлы Берлинге «қақпа» ашқан Одер өзенін алу шайқастарына қатысты.

Сондай-ақ, Жанша Жанасұлы 1945 жылдың 16–19 сәуірі аралығында Берлиннің шығысында орналасқан Зеело биіктіктері үшін батыл шайқасты, содан кейін Берлинге жалпы шабуыл жасалды. 17 сәуірде взвод командирі Аль-Одердің жағасында (Одердің жөңдері) жаракат алып қалады. Жөңіс туралы жаңалықты ол госпитальда естиді.

Соғыс ардагері Жанша Жанасов «Қызыл жұлдыз» және «І дәрежелі Отан соғысы» ордендерінің кавалері, «Варшаваны азат еткені үшін», «Берлинді алғаны үшін» медалдерінің иегері, Иосиф Сталиннің атынан құттықтау хат алған офицер.

Жанша Жанасұлы соғыс туралы айтқанды ұнатпайтын. Ардагер «соғыстың аты соғыс, оның өз мінездемесі бар, оны дәріптеп керегі жоқ» деп отыратын. Ол кісі саясат бейбіт жолмен жүргізілуі керек деген сенімде болды. Жанша Жанасовтың бейбіт өмірдегі еңбек жолы алпыс жылдан асады. Оның қырық жылын металлургия саласына арнаған.

Бейбіт өмірге оралған Жанша ары қарай оқу керектігін түсінеді. 30 жасында төрт баласы бар азамат оқу туралы шешім қабылдайды. Өмір оның дұрыс екенін көрсетті. Қарағанды тау-кен институтын бітіріп, «тау-кен инженері-электромеханигі» мамандығын меңгеріп шығады. Еңбек жолын Қаныш Сәтбаев атындағы Жезқазған тау-кен металлургия комбинатында құю-механикалық зауытында бастаған. Ол қатардағы инженерден бастап, он алты жылда зауыт директоры лауазымына дейін өседі.

Білімді, ұйымдастырушылық қабілеті зор Жанша Жанасұлы 1966 жылы Алматыда түсті металлургия министрлігіне «Қазцвет-метремонттың» бас инженері лауазымына ауыстырылды. 1971 жылы ол Қазақстанның барлық өнеркәсіптік объектілерін салумен және пайдалануға берумен айналысатын «Қазмеханомонтаж» тресінің басқарушысы болып тағайындалды.

Сондай-ақ, Жанша Жанасұлы Қарағанды металлургия комбинатының құрылысына қатысты, Шымкент мұнай-химия зауытының құрылысына, сондай-ақ Гурьев, Шымкент және Павлодар мұнай өңдеу зауыттарының жабдыктарын салу мен монтаждауға және мұнай құбырларын салуға үлес қосқан азамат.

Жанша ата жұбайы Қадияша апамызбен 75 жыл отасып, бақытты ғұмыр кешті. Ол кісілердің ұлдары да әкелерінің ізін басып, инженер мамандығын меңгеріпті. Қарияның жас ұрпақтың тәрбиесіне қатысты ойлары жаңашылдығымен ерекшеленетін.

– Жастарымыз заман талабына сай жаңа технологияларға, техникалық мамандықтарға, ғылымға ден қоюлары керек. Тек қана жоғары білім алуға ұмтылмау керек. Тамаша жұмысшы біліктіліктері бар, мысалы, реттеуші, монтаждаушы сияқты. Шет тілдерін көбірек меңгергендері дұрыс, – дегенді Жанша ата.

Еліміздің металлургия саласын дамытуға қосқан еселі еңбегі үшін Жанша Жанасов «Еңбек Қызыл Ту» орденімен, ҚазКСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталған, «Қазақстанның құрметті құрылысшысы» атағына және «Қазақстан Республикасына сіңірген ерекше еңбегі үшін» зейнетақыға ие болды.

Айна ЕСКЕНҚЫЗЫ.

ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ

«БАЙҚОҢЫР» АТАУЫ ҚАЙДАН ШЫҚҚАН?

«Баталы ел арымас, батасыз ел жарымас»...

Қазақтың салт-дәстүрі – ұрпаққа ұлы өнеге. Жастардың үлкенге ізетті, кішіге мейірімді болуы әлімсақтан бергі салтымыз. Ал келіннің ата-енесіне құрметінің жөні бөлек. Мұның өзі ақсақалдың ақ батасынан бастау алады емес пе. «Батамен ер көгерер» деген қазақ. Соны түсінген, түйсінген келіндер қандай көргенді! Сол салт, сол тұрмыс бүгін де сақталған. Қаймағы бұзылмаған қазақы ауылдарда бұл қазақы дәстүр бағзыдан бері бар. Табиғатпен тел өсіп, «мың өліп, мың тірілген» қазақты өміршең етіп тұрған да сол киелі дәстүр, салт-санасы болар-ау.



Айнабай
МӘДИ

Ал мына оқиғаны бәзбіреулер аңыз деп жүр. Аңыздың өзі ақиқаттан тартылатыны белгілі. Осынау бір әңгімені ес білгеннен бері естіп келемін. Өйткені, мұнда аты аталғандардың ұрпақтары бүгінде сол баяғы атамекенінде, бірсыпырасы жылыстап қоныс аударса да, ата дәстүрге адалдықпен өмір сүруде. Ұрпақ жалғастығы деген сол.

Қазақтың тарихы шежіреден басталады деген бекер емес. Қазақтың Кіші жүзінің Әлім дейтін баласы бар. Алты ата Әлім ұрпағының ең үлкені Жаманак (Шекті). Қазақ кино өнерінің эталоны – әйгілі «Қыз Жібек» фильмінде Жібектің әкесі Сырлыбайдың аталарын «Шекті» дейтінін барша жұрт біледі. Шектіден үш бала: Шыңғыс, Өріс, Баубек туылады. Осы Жаманактың екінші баласы Өрістен екі бала: үлкені Айдарбек, ал екіншісі Есенәлі. Есенәліден екі бала: үлкені Палуан, ал екіншісі Кішкенек. Кішкенеден алты бала: Жиеней, Жолшара, Құрманай, Құттық, Асан, Үсен. Қысқаша, осылай.

Ал Кішкененің өз басының тарихы ол ұзақ әңгіме. Сол Әлімнің Шектісінен тарайтын Кішкенек дейтін ру бар. Менің өзім сол Кішкенеден тарайтын Асан руына жиенмін. Бала кезімден естіп өссең те, шалалықпен аса мән бере қоймаған бір оқиғаны айтып берейін.

Кішкенек ағамыз өжет мінезді тентектеу болса керек. Ағасы бақуатты бола тұра, інісін үйлендіре қоюға аса құлшына қоймаған сықылды. Кішкенек біразға дейін салт басты сабау қамшылы болғанға ұқсайды. Бірде ол ағасы Палуанға ренжіп (сөзге келіп қалса керек), белін бекем буып, тым алысқа сапар шегіпті дейді.



Айшылық сапарлап, бір байдың жылқысын бағуға тоқтапты дейді. Өлкіссе, аңызға бергісіз әңгіме осылай басталады. Кішкенек өмірге бейім, тым ширақ жігіт-тін. Жылқыны жай малшылар бақпасы тағы анық. Ол табиғаттың тамырын тап басқан, ай мен жұлдыздың аңысын аңдаған сұңғыла жігіт болатын. Сондай бір сәтте жанындағы жылқышыларға: «Биыл біздің өңірде қыс қатты болады, жұт болса, мал қырылғалы тұр...» дейді. Оның сөзін басқалар елей қоймайды. Сол жылы, айтқандайын, жұт боп, мал қырылады. Ал бұл кезде Кішкенек үйір-үйір жылқысымен басқа аймаққа кетіп қалған екен. Сол кеткеннен мол кетіпті. Тіпті, арада жылдар өтсе керек.

Шынымен де, сол кезде жұт болып, байдың қалған малы түгелге жуық қырылады. Асып-сасқан бай: «Кішкенек жылқыларымды аман-есен алып келсе, қызымды берер едім» деп жар салады. Көктем шыға, Кішкенек үйір-үйір жылқыны шұрқыратып, шығын шығармай айдап алып келеді.

Бұрынғылар «Үәде – Құдайдың сөзі» деген, бай да сөзінде тұрып, Кішкенекке Құланбике деген үлкен қызын қосып, отау етіп шығарады. Сөйтіп жүргенде тұңғышы дүниеге келеді. Құланбикенің тұла бойғы тұңғышын байдың шешесі, яки Құланбикенің әжесі өзі асырап, бағып-қағуға алып қалады.

Жыл артынан жыл жетіп, екінші ұлы өмірге келеді. Оны нағашылары: «Жиен, әй жиен» деп жүріп Жиеней аталып

кете барады. Аңыздай ескен ақиқаттың бір тармағы осы. Бір күні Құланбике күйеуі Кішкенекке: «Біз сіздің елге көшейік» дейді. Кішкенек болса: «Мен олармен араздасып кеткенмін. «Қайырылмаймын!» деп кеткенмін» дейді.

Дегенмен, Құланбике шешеміз дегенінен қайтпай: «Мен келін болып, сәлем салып, ас қайырада табақ алып, үлкендерден бата алайын. Төркінімде жүріп кімге сәлем саламын. Сәлем алмасам, табақ алмасам, ата-енеме қызмет қылмасам, кім маған: «Бақытты бол, қарағым! Алла ұзақ ғұмыр берсін! Бала-шағанның қызығын көрші, жаным!» деп бата берер» дейді.

Жөңге, келіндері рулы елдің батасын алып жатқанда қызыға қараған ол күйеуіне осылай қолқа салады. Сонымен не керек, Кішкенек үй-ішімен Сыр бойына қарай көшеді. Құланбикенің әжесі «Қызымның жасауы» деп алдына үйірлі жылқы, қоралы қой салып береді.

Осы шағын көштің жолында, жол бойында Құланбике босанып, ұлының атын Жолшара қойыпты. Тағдыр деген сол болар, осы жолда Құланбике оқыстан ауырып, қайтыс болады. Қазаға қабырғасы қайысқан бай өзі ырза болған күйеу баласы Кішкенекке кіші қызы Қоңырды үстеме жасауымен қосады. Бұл кезде Кішкененің көші Сырдың бойына жетіп, қоныс жайлай бастаған.

Елінің шетіне келген Кішкенек Қоңырды бала-шағасымен дамылдата тұрып, өзі ауылына барып қайтпаққа бел буады. Қоңыр Құланбике апасының орнын жоқтатпайды. Кішкененің ісін үлкейтіп, ілгерілетіп, берекесін арттырды. Оның отауы үлкейіп, перзенті көбейеді. Қоңыр Құланбике апасынан туған Жиеней мен Жолшараны өз баласынан кем көрмеді. Кішкенек кіндік кескен өңіріне оралған соң Құрманай, Құттық, Асан, Үсен деген ұлдар дүниеге келеді. Сөйтіп, отағасы шаруасын шырқ үйіріп, бәрін жайлай берді.

Қоңырмен көңіл жарастырған еңбекқор Кішкенек шаруашылығын еселей түсті. Барды бағалай білген Қоңыр қос тіккен аумақ кейін «Байқоңырдың жері», Байқоңыр аталды. Бүгінгі Адамзаттың ғарышқа қанат қаққан жері – осы Байқоңыр. Алматыда да «Байқоңыр» метробекеті бар.

Аты аталған Кішкененің балалары азамат атанып, уақыт өте келе бір-бір ру атына айналды. Жиеней, Жолшара, Құрманай, Құттық, Асан, Үсен. Сол аралықта қаншама жыл өтті десеңші. Қазір осы Кішкененің алты ұлынан тараған ұрпақ Қызылорда облысының Қазалы, Арал аудандары аумағын мекендейді. Тіпті, сонау бір ел басына күн туған, қысылтаяң шақта өзбек жеріне беттеп, Қарақалпақ асқандары да аз емес.

Алты Кішкененің кішкенек шежіресі өскен, өнген ұрпаққа айналды. Ел ішіне тараған осы бір ұзақ әңгіменің бір тармағы ғана бұл. Бәлкім, біреу асырып айтқан, біреу жасырып айтқан шығар. Әйтеуір, аңызға бергісіз әңгіменің ұзын-ырғасы осы.



НАУРЫЗ-НАҚЫШ

«ҰЛЫ ДАЛА»

Қазақстанда алғаш рет

(Басы 1-бетте)

«НАУРЫЗ ҚОРЖЫНЫ» – ІЗГІЛІК СӘЛЕМІ

«ҰЛЫ ДАЛА ДӘМІ» жобасы аясында арнайы дайындалған «Наурыз қоржындары» – «Сыбаға» және «Тарту» қоржындары болып бөлінеді. Мерекелік кәде ел ағасы ақсақалдарға, әз-әжелерге, көпбалалы және ерекше баласы бар аналарға, сондай-ақ, балалар үйіне тарту етілді.

«Наурыз қоржыны» ұлттық нақышта безендіріліп, қазақы киіз үй пішінінде тігілген. Оларға еліміздің әр өңірінен (шығыс, батыс, оңтүстік пен солтүстіктен) әкелінген жеті түрлі ұлттық тағам салынған. Олардың қатарына шұбат, қымыз, құрт, ірімшік, жент, бауырсақ пен талқан кіреді.

Ұйымдастырушылар әр өңір дәмдерін бір қоржынға салу арқылы елдік бірлік пен тұтастықтың символын жеткізгісі келген. Әрі, денсаулыққа пайдалы, дәруменге бай ұлттық тағамдарды, отандық өнімдерді насихаттауды көздеген.

Балаларға дайындалған «Тарту» қоржындарында жеті дәмнен бөлек, Алматының алмасы, Алтайдың балы, ұлттық кәдесыйлар мен ойыншықтар да бар. Сондай-ақ, сыйлықтар арасына рухани азық ретінде кітаптар да салынып, балаларды ғылым-білімге шақыруды мақсат еткен.

Үлкендерге берілген «Сыбаға» қоржынында жеті дәмнің сыртында жылы-жұмсақ сыбаға ретінде қазы-қарта немесе жал-жая мен жамбас салынған. Сыбаға – халқымыздың таулық пен берекеге шақыратын дәстүрінің бірі. Үлкен кісілерге, сыйлы жақын адамдарына қыстың дәмінен сыбағасын ұсынып, көңіліндегі құрметін жеткізген. Осы дәстүрді жаңғырта отырып, ұйымдастырушылар Асанәлі Әшімов, Асылы Осман, Төрегелді Шарманов пен Қарлығаш Әбдікәрімова сынды ел ағаларына, қоғам қайраткерлеріне сондай-ақ, қарапайым еңбек адамдарына да сәлем бере барды. «Сыбаға» қоржындарын ұсынып, нықтарына шапан жауып сый-құрметін білдірді.

ҮЛКЕНГЕ – ҚҰРМЕТ, КІШІГЕ – ІЗЕТ

Амал күніне орай ата дәстүрмен сәлем бере келген ұйымдастырушыларға ел ағасы ақсақалдар мен үлкендер де разылығын білдіріп, батасын берді. Қазақстан және Кеңес Одағының Халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Асанәлі Әшімов Наурызды жыл басы әрі ең үлкен мереке ретінде мемлекеттік деңгейде атап өту керек деген пікірімен бөлісті. Сөзінің соңында:

«Қыдыр дарып, бақ қонсын,
Білімдерің көп болып,
халыққа берерлерің мол болсын!», –
деп, ақ батасын арнады.

Қазақ тағамтану академиясының академигі, медицина ғылымының докторы, профессор Төрегелді Шарманов жобаның ұлттық тағамдарды насихаттап жатқанына айрықша разылығын жеткізді.

Қазақ тілінің жанашыры Асылы Осман ханым көнені жаңғыртқан, дәстүрді әспеттеген шаралардың көп болуын, ұзағынан жалғасуын үміт етті. «Дәстүрді жаңаша жаңғыртуымыз керек, жандарым. Қазақ айтады ғой, «Өткенге топырақ шапсаң, келешек саған тас лақтырады» деп, ұрпақтарымызға ата-бабамыздан келе жатқан салт-дәстүрді осылай көрсетуіміз керек. Бұрынғыны бүгінге жаңғыртып жеткізіп жатқан қадамдарың құтты болсын! Осы игі іс



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ұзағынан сүйіндірсін!», – деген тілегін білдірді Асылы Әлиқызы.

«Сыбағалы» болған еңбек адамының бірі 58 жастағы Ағатай Мантаева – 15 бала тәрбиелеп өсірген «Алтын алқалы» батыр ана. Жылдар бойы көше сыпырып, қаланың тазалығына үлес қосып қана қоймай, отбасының да берекесін арттырып отыр.

Үш ерекше баланы жалғыз бағып отырған Гүлдана Қалдыбаева болса, «Тарту» қоржыны ішіндегі ұлттық дәмдер балалардың денсаулығына өте пайдалы екен. Бұдан былай Наурыз мерекесінде Қыдыр ата мен немересін асыға күтміз», – деді.

«ҚЫДЫР ДАРЫП, БАҚ ҚОНСЫН»

«ҰЛЫ ДАЛА ДӘМІ» жобасының «Тарту» қоржыны Алматы облыстық №1 балалар үйіндегі жас жеткіншектерге де үлестірілді. Балаларға тартуды «Қыдыр ата» жеткізді. Ақ боз атқа мініп қолына аса таяғын алған, қанжығасына «Наурыз қоржынын» бөктеріп, жанына тайға мінген немересі «Бақ-баланы» ертіп келген «Қыдыр ата» балаларға айрықша әсер қалдырды. Олар Қыдыр атаны өздерінің ән-күйімен, Наурыз бен көктемге арнаған өлең-жырларымен қарсы алды.

Ұйымдастырушылар «Қыдыр ата» мен оның немересі «Бақ-бала» образдарын халқымыздың «Қыдыр дарып, бақ қонсын» дейтін ізгі тілегін білдіретінін жеткізді. Ал этнограф Болат Бопайұлының айтуынша, Наурызды жаңаша дәріптеуде балаларға ерекше көңіл бөлінуі керек. Қыдыр атаның немересімен жүруі ұрпақтар сабақтастығы мен ұлттық тәрбиенің мәнін көрсетеді. Қазақ ұғымында атасы ұл немерелерін, ал әжелер қыз немерелерін тәрбиелеген. Сондықтан Қыдыр ата мен Бақ-баланы Наурыздың балалар асыға күтетін басты кейіпкерлеріне айналдыру керек.

«БҰЛ – ҚЫДЫР АТА, АЯЗ АТА ҚАЙТЫС БОЛЫП КЕТКЕН...»

Балалардың ақ сақалды «Қыдыр ата» және немересі «Бақ-баламен» кездесуі аса мәнді мерекелік көңіл күйде өтті. Кішкентай бүлдіршіндердің таңқалысы мен қызу ынтасы бал тілдерінен және көздерінен байқалып тұрды. Өз-Наурыз бен көктем хабарын және балаларға базарлығын, Ұлы даланың дәмін алып келген Қыдыр аталары мен Бақ-балаға кішкентай қаракөздер тез-ақ жақындап, өздерінің дайындаған өлең-тақпақтарын, ән-күйлерін тарту етті.

Қайырымдылық іс-шарасының ортасында 4-5 жасар





ДӘМІ»

ҰЛТТЫҚ ЖОБА ҚОЛҒА АЛЫНДЫ



бүлдіршіндердің өзара диалогы ондағы қатысушыларға терең ой салғандай. Қыдыр атаны Аяз атаммен шатастырып алған бір баланы жанындағы тағы бірі түзетіп жатыр: «Бұл – Қыдыр ата, Аяз ата қайтыс болып кеткен...», – деп. Баланың сәби санасынан туған бұл сөз осы іс-шараның өз мәнін түсіндіріп тұрғандай еді.

Жобаның басты мақсаты да Өз-Наурыз сынды төл мерекені ең алдымен балалар, ұлт болашағы жас жеткіншектердің асыға күтетін мерекесіне, «Қыдыр ата» мен «Бақ-баланы» сағына іздейтін кейіпкерлеріне айналдыру.

«МӘЗ БОЛМАЙ, ӨЗ БОЛМАЙДЫ»

Амал күні, Өз-Наурыз болсын ұлы даламыздың төл күнтізбесіндегі қандай да бір амалдарға түс келіп жатады. Әр жыл мезгіліндегі ауа райының өзгерістеріне қатысты халқымыздың өз «амалдары», есеп-қисаптары бар. Олар өзіміздің атамекеніміздегі табиғат құбылыстарымен мейлінше дәлмедәл үйлесімін тапқан. Көзіқарақты қариялар қазір де ескіше ай, күн есептерінен жаңылмай, әр реткі жағымды-жағымсыз ауа райы өзгерістерін алдын ала болжап отырады.

Айталық, Амал мерекесінен бұрын еліміздің әр өңірінде күн райы бұзылып, боран-шашынды болды. Бұның себебі жөнінде: «Қазақтың ежелгі ескі есебінде наурыз айының тоғыз «Мәз» дейтін амал келеді. «Мәз» амалы жеті күнге созылады, басында 3 күн, ортасында 3 күн, соңында 1 күн. Қазір өтіп жатқан амал осы. Бұл көктемнің бірінші амалы, яғни жалпы 24 амал ішінде қыс амалдары «ақпан-тоқпанмен» аяқталады. Оған қатысты «Ақпан-тоқпан алты-ақ күн», «Ақпан ақырып келеді, аязын шақырып келеді» деген тәмілдері бар. Осыдан кейін «Мәз» амалы көктем амалдарының көшін бастайды. Мына жауып жатқан қар, соққан жел сол амалға байланысты», – деп түсіндіреді этнограф Болат Бопайұлы.

Екінішке қарай, қазір өз даламыздың табиғатына сай осындай маңызды құндылықтарымызды жеріне жете бағаламай келе жатырмыз. Керісінше, қандай да бір ауа райы өзгерістерін орыстардың немесе өзге халықтардың есептеріне жығып беріп жататынымыз бар.

ӘР ӨНІРДЕН ДЕМЕУШІЛЕР АТСАЛЫСТЫ

Алғаш рет ұйымдастырылған ұлттық жобаға еліміздің әр өңіріндегі ұлттық тағам өндірушілер, өзге де демеушілер жабыла атсалысты. Ұлыстың ұлы күніне орай ұлттық құндылықтар мен ұлттық тағамдарды, отандық өнімдерді насихаттап, қоғамға ізгілік пен татулықты дәріптейтін жобаға барлық демеуші тараптар аса жоғары қызығушылық білдірді.

«Наурыз қоржындарына» салынған жеті дәмнің сыртында Алматының алмасы, Алтайдың балы, Абай облысынан бауырсақ, Ақтөбеден жент пен тары-талқан, Ақмола мен

Ұлытаудың ақ өнімдері, Түркістаннан түрлі ірімшіктер мен нан өнімдері, сондай-ақ, Астана, Алматы мен Шымкент қалаларында және Алматы облысында өндірілетін түрлі тағамдар болды.

Басты демеушілері ретінде «Asiakoz» түрік көз клиникасы, «Ерке-Нұр», «Әдемі-Ай» мен «Адал Ас» сынды танымал компаниялар ұлттық жобаға зор көмектерін көрсетті. Жоба барысында «Asiakoz» компаниясының басшысы Сәтжан Тоқтарбай Алматы облыстық №1 балалар үйіндегі бүлдіршіндер мен жас жеткіншектерге тегін көз тексеру қызметін көрсетіп, ондағы көзі нашар көретін балаларға тегін ота жасауға келісім берді.

Еліміздегі ұлттық қадесейлер өндіруші танымал компания «Әдемі-Ай» Наурыз қоржындарына өзінің үздік өнімдерін қосқан. Ұлттық киімдердің беделді брендті «Ерке-Нұр» сән үйінің директоры Фарида Мерхамитқызы өзі де іс-шараға қатысып, ақсақалдар мен қоғам қайраткерлеріне зерлі ұлттық шапандарын жапты. Балаларға «Тарту» қоржынына «Steppe&World Publishing» баспа үйі өздерінің «Шұғылалы ертегілер» атты кітаптар топтамасын ұсынды.

Сондай-ақ, «Наурыз қоржындарын» еліміздің әр өңірінен «Sharmap», «Asatu» компаниялары, «Айқан» ЖШС сынды кәсіпорындар, «Zhent_chocolate», «Aqtobe damderi», «Мәд Восточный» қатарлы сауда маркалары және «Астана-Өнім» АҚ секілді ұлттық тағамдарды, киімдер мен бұйымдарды шығаратын отандық өнім өндірушілер жабыла атсалысты. Қазақ тағамтану академиясы мен ұлттық тағамтанушы Саяхат Әсімхан да жобаға өз үлестерін қосты.

ЖАҢАРУ МЕН ЖАҢҒЫРУДЫҢ СИМВОЛЫ

Наурыз мерекесі ұзақ тарихқа ие, әрі дәстүр бояуы қанық халықтық мейрам. Соған қоса күн мен түннің теңелуіне, тіршілік атаулының қайта жандануына тұспа-тұс келетін даталық ерекшелігі оның мәнін тереңдете түскен. Бұл табиғатпен үндескен халқымыздың дүниетанымын да айқындап тұрады. Осы ұлттық мерекені кеңінен және ізгілік негізінде насихаттай отырып, елдік бірлікті, территориялық тұтастықты, отаншылдық рух пен ұлттық бірегейлікті жетілдіруге болады. Алайда, Наурызды қазіргі заманға және ел азаматтарының бүгінгі өміріне лайықты насихаттай білу аса маңызды. «ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ ДӘМІ» атты жобаның өзектілігі осы тұста айқындала түседі.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та Наурыз мерекесінің маңызы мен мәніне қатысты оң пікірін «Egemen Qazaqstan» газетіне берген сұхбатында бөліскен еді. Президент сөзінде: «Наурыз – жаңару мен жаңғырудың символы. Сондықтан төл мерекеміздің мазмұнын байытып, оны барынша ерекшелеп, жанаша атап өтуіміз керек. Бұл қадам қоғамды ұйыстырып, ұлттық бірегейлігімізді айшықтап, ел бірлігін нығайта түсуге ықпал етеді деп сенемін», – деген болатын.

Яғни біз Өз-Наурыз сынды төл мерекемізді қазіргі заман мен қоғамның болмысына сай жаңаша атап өте отырып, оны ұлттық бірегейлік пен тұтастыққа бастайтын ізгі шараға айналдыруға міндеттіміз.

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ ПЕН ТҰТАСТЫҚ ТУЫ

Амал күнінде басталған «ҰЛЫ ДАЛА ДӘМІ» жобасы ары қарай да жалғасын таба беретінін айтады жоба авторлары. Ұйымдастырушылар ұлттық этнографиялық детальдарды пайдалана отырып (айталық, дәм-тұз, Қыдыр ата, жеті саны, сыбаға, тарту-таралғы) ұлттық жадыны ояту, қоғамға ізгілік, қайырымдылық, береке-бірлікті, тұтастықты насихаттауды басты мақсат еткендерін жеткізді.

Бұған қоса, төл мерекені заманға, қазіргі қоғам құндылықтарына қарай трансформациялай отырып насихаттау мүдделі кезеңде осындай ортақ мәдени құндылықтар бауырлас халықтар арасындағы татулықты бекітіп, өзара түсіністікпен үйлесімге жол ашады. Сондықтан да «ҰЛЫ ДАЛА ДӘМІ» жобасының авторлары аталмыш жобаның болашақта көршілес, бауырлас түркі елдеріне де кеңейіп, тұтас Тұранның ұйытқылы игілігіне айналады деп үміттенеді.

«ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ ДӘМІ» ЖАЛҒАСЫН ТАБАДЫ

«ҰЛЫ ДАЛА ДӘМІ» ұлттық жобасы Наурыз мерекесіне жаңа мазмұн беріп, ұлттық құндылықтарды жаңғыртуға бағытталған. Ұйымдастырушылар ұлттық жобаны алдағы жылдары 14 наурыздан бастап айдың соңына дейін тұтас республика көлемінде өткізуді жоспарлап отыр.

Ұлыстың ұлы күні Өз-Наурыз сынды құндылықтар тек бізге ғана емес, бірқатар бауырлас халықтарға ортақ. Қазіргідей орта азиялық және түркілік интеграцияның дамуына мүдделі кезеңде осындай ортақ мәдени құндылықтар бауырлас халықтар арасындағы татулықты бекітіп, өзара түсіністікпен үйлесімге жол ашады. Сондықтан да «ҰЛЫ ДАЛА ДӘМІ» жобасының авторлары аталмыш жобаның болашақта көршілес, бауырлас түркі елдеріне де кеңейіп, тұтас Тұранның ұйытқылы игілігіне айналады деп үміттенеді.

Айқара бетті эзірлеген
Естай БОЖАН.





ДОНЕР

ҚАН ТАПСЫРУ ДА ҚАЙЫРЫМДЫ ІСКЕ ЖАТАДЫ

Бүгінгі күні қаланың барлық медициналық ұйымдары сапалы да қауіпсіз қан компоненттерімен 100% қамтамасыз етілген. Бұл туралы Алматы қалалық қан орталығының директоры Жандос Надиров мәлімдеді.



Бытыр орталық 20 566 қан мен оның компоненттерін донациялады, оның ішінде орталық жағдайында – 13 276 донация, жылжымалы жағдайда 7290 донация жүргізілді.

Медициналық ұйымдарға қанның 36 254 компоненті (оның ішінде: құрамында эритроциттер бар компоненттер – 17 908 доза; барлық түрдегі плазмалар – 13 314 доза; тромбоциттер – 5032 доза) берілді. Сондай-ақ, 19 мың литрден астам

плазма дайындалды. Донорлық қан өнімдерін 11 мыңнан астам пациент алған.

Қалалық қан орталығында қан препараттарының сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ететін халықаралық стандарттар енгізілген. Донацияның түрі мен көлемін қан орталығының дәрігері донордың қалауы бойынша емес, ауруханалардың қажеттілігіне, қанның жай-күйіне және донордың физикалық мүмкіндіктеріне қарай белгілейді.

Статистика бойынша ең көп сұранысқа ие қан топтары – оң резус факторы бар I және II қан топтары. Ең сирек кездесетіні – теріс резус факторы бар барлық қан топтары. «Мегаполисте донорлық қанға деген қажеттілік жыл сайын артып келеді. Бұл халықтың өсуімен, жаңа медициналық ұйымдарды пайдалануға берумен, жоғары мамандандырылған медициналық көмекті дамытумен байланысты. Бүгінгі күні Алматыда 8 мыңнан астам донор бар. Сондай-ақ, донорлардың электрондық базасы жасалған. Онда 600 мыңнан астам алматылық тіркелген. Біздің орталыққа донор болғысы келетін адам келгенде, оны қолда бар база бойынша мұқият тексереміз. Қан компоненттерін бірнеше кезеңдік тексеруден өткізіп барып, медициналық мекемелерге береміз», – дейді Алматы қалалық қан орталығының директоры Жандос Надиров.

Осы орайда айта кетсек, сіз бен біз тапсырған бір тамшы қан ауырып жатқан талай жанның өмірін өлімнен арашалап қалуы мүмкін.

СӘТТІ ОТА

ҚАСЫҚ ТА, ҚАЛАМ ДА ҰСТАЙТЫН БОЛАДЫ

Алматы мен Санкт-Петербургтің жетекші ортопед-травматологтары қазақстандық 16 балаға күрделі операция жасады

Өңірлік және жергілікті дәрігерлерге арналған халықаралық шеберлік сабағы шеңберінде Алматының №2 қалалық балалар клиникалық ауруханасында операция үстеліне жатқызылған 16 баланың бірі – Талдықорғаннан келген бір жасар сәби.



Балдырғанның осыдан 6 ай бұрын қолы қатты күйіп қалған. Қолында пайда болған үлкен тыртықты кесу және қалың бөлінген қапқақты трансплантациялау бойынша аса күрделі де «зергерлік» жұмыс жүргізілді.

№2 ҚБКА травматология бөлімінің меңгерушісі Ерлан Садырбаалиннің айтуынша, операцияның күрделі болған себебі, күйік кезінде буын да зақымданған. Егер операция жасалмаса, келешекте бала қарапайым жазу қаламын да, қасық та ұстай алмай қалуы мүмкін еді. Медицина тілімен айтқанда, білек буынының қызметі бұзылып, өсу процесінде қиғаштық пайда болады, яғни бір сүйек екіншісіне қарағанда жылдам өседі. Екінші бір қиындық – күйік шалған аймақтағы барлық сіңір қысқарған, ал бала жасына сай дамып, өсіп жатыр. Сондықтан мамандарға жүйке талшықтарымен, нәзік тамырлармен аса мұқият жұмыс істеу керек болды. Яғни мұлт

кетуге болмайды. «Зергерлік» операция деген сол.

Сондай-ақ, шеберлік сабағы аясында қол-аяғының гигантизмі бар балаларға да күрделі операциялар жасалды. Олардың қатарында сіңірлері зақымданған бала да бар. Ол ауыр жарақатын 3 жасында алған екен. Содан кейін тұрақты контрактура пайда болған. Саусақтары өспеген. Қолдың иілгіш сіңірлері мен көлденен байламдарын қалпына келтіру үшін дәрігерлер ұзақ уақыт тер төкті. Ота сәтті өткен. Ал бала бір айдан кейін саусақтарын қимылдатып, толыққанды өмірге араласып кете алады.

Әлемдік тәжірибеде мұндай саусақтар кесіліп, алынып тасталады. Тек ресейлік профессор Игорь Шведовченко ғана осындай көп сатылы операциялар жасайтын көрінеді. Сонымен қатар, осы күнгі шеберлік сабағы аясында 44 баланың жай-күйіне байланысты құнды да тегін кеңестер берілді.

«ШЕБЕРЛІК САБАҒЫ»



НАҒЫЗ КӘСІБИ СЫНАҚ

Мегаполис кардиологтары жағдайы ауыр науқасты аман алып қалды

Алматы қалалық Кардиологиялық орталығында «коронарлық артериялардың бифуркациялық зақымдануы» деген ең ауыр диагнозбен түскен 68 жастағы ер адамға ота жасалды. Бұл жағдайда стеноз (тарылу) коронарлық артериялардың тармақталған жерінде пайда болады (бүйірлік бұтақтардың негізгі артериядан шығуы).

Науқаста коронарлық тамырлардың коронаграфиясы кезінде бірден екі коронарлық артерияның критикалық тарылуы анықталды, бұл оның өміріне қауіп төндірген. Сондықтан оған шұғыл түрде операция жасау қажет болды. Әйтпесе, аурудың белсенді дамуы инфарктке немесе өлімге әкелуі мүмкін еді. Бифуркациялық зақымдану кезінде стенттеу – хирург үшін нағыз кәсіби сынақ. Отаны кардиоорталықтың рентгенхирургия бөлімшесінің меңгерушісі Оразбек Сахов ассистент Айжан Құланбасаммен бірлесіп жүргізді.

«Науқаста коронарлық артериялардың критикалық зақымдануы орын алды. Оған тамыршілік УДЗ қолдана отырып, бірден екі артерияны стенттеді. Бұған дейін науқасқа стенттеу жасаған болатын. Отаның техникалық күрделілігі науқас тамырларының қатты кеңейген және ирелең болуында еді. Себебі, стентті импланттау кезінде атеросклеротикалық түйіншектің орын ауыстыру және бүйір тармағының бітелу қаупі бар. Ота жергілікті анестезиямен жасалды. Екі сағатқа созылып, сәтті өтті. Мұндай отадан кейінгі оңалту кезеңі қысқа екенін атап өткім келеді. Бір тәулік

ішінде науқас стационарда бақыланады, содан кейін ол әдеттегі өмір салтына орала алады», – дейді Оразбек Сахов.

Ота Украина, Беларусь және Қазақстанның интервенциялық кардиологтарына арналған «шеберлік сабағы» аясында жасалған. Бұл бірегей оқу іс-шарасы жүрек-қан тамырлары ауруларының ең күрделі және қауіпті түрі бифуркациялық стенозға арналған болатын. Дәріс барысында Астана қаласы ҰҒКО интервенциялық кардиология және радиология клиникалық академиялық департаментінің директоры, доктор Марат Арипов және Киев қаласы Н.М.Амосов атындағы «Ұлттық жүрек-қан тамырлары хирургиясы институты» жедел эндоваскулярлық хирургия бөлімінің меңгерушісі Сергей Сало спикер болды.

«Шеберлік сабағына» қатысушылар осы күрделі отаны тікелей бақылап қана қоймай, теориялық білім алып, интервенциялық кардиология саласындағы озық әдістеме және технологиямен танысты.

Мұндай «шеберлік сабақтарын» өткізу үшін қалалық Кардиологиялық орталық ең заманауи озық технологиялармен жабдықталғанын атап өтсек артық болмас.

ҚЫСҚА-НҰСҚА

ҚҰЛАҚТАН ҚАЛДЫ

Қытайда екі жыл бойы құлаққаппен ұйықтауды әдетке айналдырған Ванг есімді әйел құлақтан қалды. Ол кейінгі кездері нашар ести бастағанын сезіп, дәрігерге барады.

Маман оның сол құлағында неврологиялық ақау барын айтты. Дәрігер әйелден бұрын-соңды қандайда бір бас жарақатын алған-алмағанын немесе құлағымен байланысты қандай да бір оқиға болған-болмағанын сұрайды. Сонда қытайлық әйел екі жыл бойына құлаққаппен музыка тыңдап ұйықтап келе жатқанын айтқан. Өкінішке қарай, Ванг енді есту аппаратын киетін болады. Жатса да, тұрса да құлаққапсыз жүрмейтіндерге бұл ойланатын жағдай.



ДӘРІНІ ДРОНДАР ТАСИДЫ

Қызық құрылғы әзірге 10 шақырымға дейін ұшырылады. 500 г салмақты көтере алады. Бірегей жобаны Қ.Сәтбаев университетінің студенттері жетекшілерімен бірге жасап шығарған.

Қазіргі күні жоба ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігіне жолданды. «Дәрі-дәрмекті гексакоптер арқылы жеткізу болашақта үйреншікті іске айналады», – деп отыр жоба авторлары.

Әсіресе, мүгедек жандар мен шалғайдағы ауыл тұрғындары үшін үлкен көмек болатынына сенімді.



СТУДЕНТТЕР ДӘРІ ЖАСАП ЖАТЫР

Біздің елдің студенттері коронавирусқа қарсы дәрі жасауға атсалысып жатыр. Бұл туралы «Қазақстан» ұлттық арнасы хабарлады.

Ресейдің Екатеринбург қаласында магистратурада білім алып жатқан студенттер ғылыми жұмыспен айналысып жатыр. Вирусқа қарсы препараттан бөлек, диабетке қарсы тұра алатын дәрі жасалып, қазір клиникалық зерттеуден өткізілуде.

«Біздің орталықтың стратегиялық мақсаты – дәрілік заттарға айналуы мүмкін молекулалардың бағытталған синтезі. Озық технологияларды дамыту көзделуде. Орталықта бірнеше магистрлік бағдарлама жүзеге асырылады. Магистратурада шамамен 120 адам оқиды. Бұл студенттердің барлығы нақты жобаларға қатысады», – дейді химия ғылымының кандидаты А.Козицина.



Бетті әзірлеген Нұржамал ӘЛШЕВА.



АЛТЫН АСЫҚ

«Мен оқыған бір ертегі»



«Баланы – жастан» деген емес пе, жас ұрпақтың саналы болып қалыптасуына алдымен отбасы, сосын қоғам жауапты. Оның үстіне қоғамда орын алып жатқан түрлі жағдайлар ұрпақ тәрбиесінің барлығымызға қатысты екенін нақтылап отыр. Міне, жас ұрпақ тәрбиесін қоғам болып қолға алуымыздың мәні осында жатыр. Осыдан біраз уақыт бұрын Мемлекет басшысының тапсырмасына орай, Оқу-ағарту министрлігі «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жариялап, жүйелі жұмысты бастаған еді. Қазір Алматы қаласының мектепке дейінгі мекемелері де осы бағдарламамен сусындап, нәр алып жатыр. Өйткені, кішкентай бүлдіршіндердің алғашқы даму кезеңі тәрбие мен білімнің алғашқы сатысы – балабақшадан басталады.

Сондықтан бұл бағдарламада жас ұрпақ бойында қалыптасуға тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсат-міндеті айқын көрсетілген. Бүгінгі бала – ертеңгі ел азаматы. Жетісу ауданындағы №103 санаториялық-бөбекжай ұжымы өзінің оқу бағдарламасына балаларды ертегілер арқылы тәрбиелеу тәсілін енгізіп отыр. Өйткені, «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының бір тармағы – «Мен оқыған бір ертегі» деп аталады.

Аталмыш балабақшада «Ертегілер елінде тербеле өскен ұрпақпыз» атты қалалық семинар өтті. Семинарға жиналғандар балабақша тәрбиешілерінің іс тәжірибесімен танысып, бүлдіршіндермен жүргізілген оқу-әрекет қызметтеріне қатысты.

Сонымен қатар, келген қонақтар оқу-іс шарасынан тыс жүргізілетін көркемдік жұмыстармен де танысып шықты. Өткізілген семинардың мазмұнды өтуіне осы бөбекжай-балабақшаның меңгерушісі Баян Жүнісханқызы мен әдіскер

Надира Мұқанова тікелей ұйытқы болды. Оны музыка пәнінің жетекшісі Гүлсім Назарова әуенмен әрлеп отырды.

Сонымен, семинарға қатысушылар «Айгөлек» мектепалды тобының тәрбиеленушілері мен тәрбиешілері сахналаған «Қадірдің бақытын іздеуі» атты ертегіні тамашалады.

Мұндағы хан рөлін Қаттира Тұрсынбасова, мыстан рөлін Шархан Тұрлыбекова, жын рөлін Күміскүл Әбілшімова, Дала рухын – Аян Нұрбекова, Қадірді – Алма Әлібаева сомдады.

Ертегіні тамашалаған балақайлар жақсы мен жаманды, жалқау мен еңбеккер жанның жеткен биігін таныды. Сөз жоқ, осы ертегі арқылы бойларына жағымды кейіпкердің адами қасиеттерін сіңірді.

Жалпы, тәрбиені ұрпақты биік мұратқа жетелейтін сапалы білімнің тұғыры дейміз ғой. Олай болса, ертегі тындап, ұлттық құндылықтармен сусындап өскен ұрпақтың ұлағатты болары сөзсіз.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Баян САТЫБАЛДИЕВА,
№103 санаториялық-бөбекжай меңгерушісі:

Ертегі тыңдаған бала есті болып өседі

Кезінде біз де ертегі тыңдап өстік. Сол кезде қиялға беріліп, «шіркін-ай, көрсек қой, келсе ғой» деген армандарымыздың барлығы бүгінде жүзеге асты. Мысалы, біз тыңдап, біз білген кейіпкерлеріміз «Ұшқыш кілем», «Самұрық құс» қазіргі қалықтаған ұшақ қой. Сондықтан біз де балақайларды ертегі арқылы жақсы және жаман қасиеттерді ажыратуға, өз бойына жағымды қасиеттерді сіңіруге үйретіп жатырмыз. Осы бастан қайырымды, ақылдылыққа үйретуді көздеп отырмыз. «Біртұтас тәрбиенің» басты мақсаты да осы.

STEM ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚ

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ

Білім берудегі инновациялық технологиялардың қолжетімділігі

Қазіргі таңда білім жүйесі бізге таныс та, беймәлім жаңалықтармен толыққан. Әсіресе, нарықта тапшы мамандарды даярлау мәселесі өзекті қалпында тұр. Осыған орай, жаратылыстану пәндеріне ерекше ден қойып, баса назар аудару талап етіліп отыр. Қала көлемінде өткен «Білім берудегі инновациялық технологиялардың қолжетімділігі» тақырыбындағы семинар Түрксіб ауданындағы №211 мектеп-гимназиясында өтті.



Семинар барысында аталмыш мектептің химия, биология, география, физика, информатика, математика пәндерінің мұғалімдері өз іс-тәжірибелерімен бөлісті. Оқыту үрдісінде инновациялық технологияларды қолдану арқылы сапалы білімге қол жеткізу және мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін дамыту мәселесімен ой бөлісті. Қатысушылар мектеп фойесіндегі оқушылардың өз қолдарымен жасаған тәжірибелерден тұратын көрмені тамашалады.

Мұндағы STEM-бұрышы қатысушылардың назарын ерекше аударды. Мектептің 8 «д» сынып оқушылары өз қолдарымен «Жүректің қан айналу» жүйесінің 3Д моделін жасап, осы арқылы жүректен шыққан қан жүрекке қалай ағылатынын дәлелдеп берсе, 7-сынып оқушысы Ахмет Дарын «Бөліп шығару жүйесі» арқылы бүйректің қызметін практикалық түрде көрсетті. Оқушылар ойлап тапқан лас суды сүзетін фильтр де ерекше әсер етті.

Сонымен қатар, 6 «в» сынып оқушылары Оспан Айсулу мен Рахымбай Фатима өздері өсіріп жүрген көкөністерді таныстырып, зерттеу жұмыстарын көрсетті. Жас өнертапқыштардың да аяқ алысы жаман болмай шықты. Мәселен, 7-сынып оқушысы микродвигательдің көмегімен үй жағдайында жасалынатын шаңсорғышты, 10-сынып оқушысы өзі жасаған ДНК тізбегінің 3Д моделімен таныстырды. Келген қонақтар «Нұрға бөлену» сияқты тыныштық сәтін өткізгеннен кейін, 5-сынып оқушылары «Ана!» әнін орындап, керемет әсер сыйлады. Мектеп басшысы Айжан Тойбекқызы жаңадан ашылған мектептің аз уақыттағы табысымен бөлісті.

Келесі кезекте семинарға қатысушылар Г.Манкуова, М.Әбдікерім, Е.Мейрамбекұлы, А.Тұмарбекова, Б.Абдужамалова, Э.Медеу сынды ұстаздар ұйымдастырған үлгілі ашық сабақтардың куәсі болды. Сонымен қатар, «ACTION RESEPCН-сапаға жол» Б.Төлегенова, Ж.Исаева «Кез келген уақытта, кез келген жерде қолжетімді білім», Б.Торыбаев «Жаратылыстану пәндерінде STEM технология мен функционалдық сауаттылықты қолдану: теориядан практикаға», Н.Армияева, Қ.Сәдібеков өткізген коуч сабақтары өте қызықты өтті.

Қалалық әдістемелік орталығының әдіскері Төлеубек Кизатұлы семинар жұмысына жоғары баға берді.



АЛМАТЫ МЕКТЕПТЕРІ

«КӨРІСУ КҮНІН» АТАП ӨТТІ

Халқымыздың ежелгі әдет-ғұрпын жаңғыртып, төл мәдениетіміздің ажырамас бөлігіне айналған ұлық дәстүр – «Көрісу күнін» Медеу ауданындағы №98 жалпы білім беретін мектеп ұжымы ерекше атап өтті.



Ұлттық құндылықтарды дәріптеу мақсатында мектеп ауласына қазақы үй тігіліп, ұлттық киім киген батырлар қонақтарды қарсы алды. Спорт алаңында ұлттық ойындар ойналып, барлық келген жандарға ұлттық тағамдар ұсынылды.

Осынау сәуелі сәтте көңіл көтеріліп, дала күн нұрына бөленді. Қардың көбесі сөгіліп, күннің жылынғаны білінді. Төңірек түгел түрленіп, үлкен де, кіші де мейірбан күйге енгендей.

Барлық мерекелік іс-шараға қатысушыларды мектеп басшысы Манат Сағынбеков

ва құттықтап, ресми бөлімнің ашылғанын жеткізді. Дәл осы күні мектепте «Алматы мектептері» бағдарламасының «Басқару және көшбасшылық: таяудағы даму мектебі», «Бастауыш сынып – құзыреттілік орталығы» атты жобасы аясында «Интерактивті әдістер арқылы бастауыш сынып оқушыларының білім сапасын арттыру. Қосымша білім беру – оқушы жетістігінің кепілі» атты тақырыпта қалалық семинар-практикум өз жұмысын бастады. Алматы

қаласы мұғалімдерімен өздерінің озық іс-тәжірибесін ортаға салып, пікір алмасты.

Жалпы, жиынның басты мақсаты – бастауыш мектепте білім беру үрдісінде интерактивті әдістерді қолдану арқылы педагогтардың кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру болғандықтан, білімнің негізі қаланатын бастауыш мектептегі білім сапасын қайтсек арттырамыз деген мәселе төңірегінде әңгіме өрбітті. Сонымен қатар, келесі өзекті мәселе – қосымша білім беру студия-

ларының жұмысын жандандыруға байланысты болды.

Дәл осы №98 мектеп орналасқан ықшамауданында «Қосымша білім беру орталықтарының» жоқ екені көптен бері көтеріліп келеді. Дегенмен, оқушылардың сабақтан тыс уақыттарын тиімді пайдалану үшін осы жылдың қаңтар айынан бастап мектепте «Қосымша білім беру» студиялары жұмыс жасай бастаған еді.

Мектеп әкімшілігі мен үйірме басшылары осындағы «Дарын», «Акерлік шеберлік», «Цифрлық мұғалім», «IT», «Шебер қолдар» студияларының жұмысымен таныстырып, оқушылар өздерінің жұмыстарын қорғады. Ашылған студиялардың жұмысы оқушылардың білім сапасына тигізетін әсері оң өзгерістер көрсете бастағаны жөнінде бастауыш сынып мұғалімдері ашық сабақтар арқылы көрсетті.

Мерекелік іс-шара концерттік бағдарламамен жалғасын тапты.

Бетті әзірлеген Рая ЕСКЕНДІР.



ТИЛШІ ТАЛДАУЫ



Коллажды жасаған Нұрболсын ӨРІСҮЛЫ

БІЗ КІМНЕН КЕМБІЗ?

Жеңіл өнеркәсіпті дамытатын уақыт жетті

Халықты жұмыспен қамтуға мүмкіндік беретін әлеуметтік маңызы зор саланың бірі – жеңіл өнеркәсіп.



**Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ**

Бүгінде осы бір ғана саланың өзінен экономикасына әжептәуір пайда келтіріп отырған елдер бар. Мәселен, Үндістан, Қытай, Түркия елдерінде еңбекке жарамды халықтың 20%-ға жуығы аталмыш салада еңбек етеді. Деректерге көз жүгіртсек, Кеңес Одағы тұсында еліміз бюджетінің 25%-дан астамын жеңіл өнеркәсіп құраған екен.

Аталмыш сала бойынша Қазақстан 15 одақтас республиканың ішінде 1-орынды иеленіп, 200 мыңнан астам адамды жұмыспен қамтыған. Кәсіпорынның барлығы отандық шикізатты қолданып, жүздеген тауар түрін шығарған. Сарапшылардың айтуынша, кейін тәуелсіздік алған соңғы 30 жылда жеңіл өнеркәсіп қатты құлдырап, 0,4% бюджеттік үлеспен ең соңғы орынға бір-ақ түсіпті. Салдарынан 94% жұмыс орны жабылған. Сол кезден бері бұл саланың еңсесі бір көтерілмей-ақ келеді. Есесіне, шетелдік тауарлар біздің нарықтан ойып тұрып орын алды.

Бүгінде қазақстандықтардың 85%-ына дерлік шетел киімін тұтынады. Алматыда оған дәлел іздеп шарқ ұрудың қажеті шамалы. Атап басқан жеріндегі ірі сауда нүктелерінің барлығында Түркия мен Қытайдың киімдері толып тұр, базарларды Қырғызстан мен Өзбекстанның тауарлары жаулап алған. Ал отандық өнім ішкі нарықта саусақпен санарлық қана. Егер аталмыш сала дамымаса, халықтың импортқа тәуелділігі артпаса, кемімейтіні анық.

КЕЛМЕСКЕ КЕТКЕН КЕРЕМЕТТЕР

Жасыратыны жоқ, нарық заманы талғамы мен талабы жоғары халықтың хәм алматылықтардың сұранысын қанағаттандыра алмай келе жатқанына талай жылдың жүзі болды. Бүгінде тігін фабрикаларының туы жығылып, тері, жүн өңдейтін кәсіпорындар тартылған бұлақтай суалып бітті. Әйтпесе, бір Алматының өзінде осы саланы қамтитын қаншама кәсіпорын болған.

Мәселен, қазірде атағы жер жарып тұрған «ARMADA» сауда орталығының орнында 34,5 гектар

жерді алып жатқан Алматы мақмата комбинаты бар еді. Іргетасы 1961 жылы қаланған, көпшілікке АХБК деген атпен таныс сол комбинатта 10 мыңнан астам жас қыз-келиндер еңбек етіп, отандық өнім өндіруге атсалысқанын біз әлі ұмытпа қойған жоқпыз. Қазір сол қыздардың алды 60-тан асқан әже болды. Менің нағашы әкем Айгүл Құдиярбекқызы сол комбинатта табан аудармастан 20 жылдан астам жұмыс істеген. Комбинаттың тыныс-тіршілігіне әбден бойы үйренген әпкеміз болашақ жарын да сол жерде кездестірген жан. «Мектеп бітіргеннен кейін оқуға түсе алмадым. Ол кезде жұмыс іздеген жастардың барлығы АХБК-ға баратын. Қазіргі «Сайран» автобекетіне жақын «Березка» деген жатақханада тұрдым. Екі ауысымда жұмыс істедік. Тақ-тұқ еткен станоктардың қасында тұрып талай таң атырдық. Қатты шудан басымыз ауырмасын деп құлағымызға мақта тығып алатынбыз.

Жұмыс оңай болған жоқ, бірақ бізге комбинат барлық жағдайды жасады. Жатақхана берді, өзіміздің жеке емханамыз, балабақша, тіпті, мәдениет үйіміз де бар болатын. Біз өндірген маталардан жаңа туылған нәрестелерге арналған жөргектер мен үйдегі киетін халат-көйлектер, төсек жаймалары, түрлі тұрмысқа қажетті тауарлар жасалатын. Келмеске кеткен керемет жер еді! Кейде сол кезді сағынып, еске аламын», – дейді Айгүл әпкеміз.

Мұрағат деректеріне сүйенсек, АХБК сол уақытта 15 мың тоннаға жуық мақта талшығын өңдеп, мата өндірісін 70–80 миллион погон метрге жеткізіпті. Бұл өнімдер одақ елдерінен басқа Италия, Испания, АҚШ және Канадаға экспортталған екен.

Кеңес Одағы тұсында тағы бір атағы дүркіреп тұрған кәсіпорынның бірі – «Жетісу» аяқ-киім фабрикасы еді. Ерлер мен әйелдерге арналған жоғары сапалы былғарыдан жасалған бұйымдар тігетін фабрикада үлкендер аяқкиімінің 260-тан астам түрі, балалар аяқкиімінің 265-тен астам үлгісі шығарылатын. «Жетісудың» өнімдерін біз де тұтындық. Сонда төпелілерімізді екі жылдан артық кисек те мұрты қисаймайтын.

Ұлттық статистика бюросының 2023 жылғы деректеріне сүйенсек, бүгінде елімізде аяқкиім шығаратын алты компания ғана жұмыс істейді екен. Сарапшылардың айтуынша, қазіргі таңда бізді

аяқкиіммен қамтып отырған елдердің көш басында – Қытай, екінші орында – Түркия, үшінші орында Өзбекстан тұр.

Әлі есімде, Төле би көшесі мен Баум көшелерінің қиылысындағы ғимараттың төбесінде «Қызыл Ту» деген жазу бар болатын. Өндіріс орны балалар ойыншықтары, радиоаппаратура, тұрмыстық бұйымдар мен кабельдік өнімдер секілді 260-тан астам өнім шығаратын. Ал Төле би көшесінің бойында, Жароков көшесі мен Әуезов көшелерінің ортасында Алматы кілем фабрикасы бар еді. 1936 жылы құрылған өндіріс орны республикадағы жалғыз кілем фабрикасы болатын. Табиғи жүннен тоқылған түкті кілемдердің бағасы анау айтқандай

КЕРЕК ДЕРЕК

• Қазақстанның тұтыну нарығында азық-түліктен кейін екінші орында киім-кешек тұр.

• Еліміздегі жеңіл өнеркәсіп тауарларының 90%-ы импорт.

қымбат та емес еді. Бұл кілемдер қазір ауылдағы ағайындарда әлі де бар болуы мүмкін. Біздің үйде де біреуі төсеулі жатыр. Кәсіпорын 2007 жылы жұмысын тоқтатқаннан кейін, орнына тағы бір сауда үйі жайғасқан. Қазір ол жерде «Sulrak» техника сататын дүкен бар. Ірі-ірі кәсіпорындар Семейде де, Қостанай мен Шымкентте де бар-тын.

Өттеген-айы, бабы келісіп тігілетін сол отандық тауарлардың бүгінде көлеңкесі де қалған жоқ. Келмеске кеткен кәсіпорындар бізді өзгенің сын көтермейтін сапасыз тауарына мұқтаж етіп отырғаны өкінішті...

ОТАНДЫҚ ӨНІМ ҚАНАТ ЖАЙСЫН ДЕСЕК...

«Темірді қызған кезде соқ» деген. Бүгінде кәсіп ашамын деген жанға мемлекет тарапынан қолдау көп. Қазіргі сәт жеңіл өнеркәсіпті дамытып, елімізде ірілі-ұсақты кәсіпорындардың ашылуына таптырмайтын уақыт. Бұған орын керек десеңіз, Алматының индустриялық аймағының есігі сізге айқара ашық. Себебі, бүгінде шека-

ра асып келетін тауарлардың барлығы сапалы емес.

Соңғы уақытта қазақстандықтар әлеуметтік желіде Қытайдың «Pinduoduo» желісі арқылы алыстан саудаласатын дүкеннен тапсырыс беруге құмартып алдық. Бұл сайт біздегі «Kaspi.Kz» қосымшасына ұқсас. Тапсырыс берушілердің көбі, еліміздегі тұрмыстық заттардың, киім-кешектердің бағасы тым қымбат болған соң, «Pinduoduo» сайтына жүгінеді. Таңымал сайт бізге төмен бағада және сапалы заттар, бұйымдар, киім-кешектер ұсынуымен ерекше.

Бірақ оның барлығы сіз қалаған сапаны беріп жатыр деп айта алмаймыз. Өйткені, қытайлықтардың киім өлшемі қазақтарға келмейді. Олардың табиғатынан дене пішімдері кішкентай. Ал қазақтардың бітім-болмысы тау тұлғалы, яғни ірі болып келеді. Қайбір күні танысымыз сол интернет-дүкен арқылы өзіне күртеше алдырыпты. Бірақ онысы өзіне дәл келмеген соң, амалсыз сыйлыққа ұсынғаны бар. Бұл бір ғана мысал. Десек те, өзінің қалауындағы тауарға қол жеткізе алмай, сан соғып отырған қаншама жұрт бар?

Тағы бір ескеретін жайт, шетел тауарларының барлығы бірдей сапалы деп айту қиын. Нарықты жаулап алған бір ғана қытайдың

арзан әрі сапасыз аяқкиімдерінен келетін зиян туралы кезінде дәрігерлер де дабыл қаққан. Дені сау ұрпақ – ұлт байлығы екенін ескерсек, сапасыз тауардың астарында да адам денсаулығына деген жауапкершілік жатқанын ұмытпасақ игі.

Қазір қазақстандықтарды Қытай мен Түркиядан бөлек, Қырғызстан мен Өзбекстан киіндіріп отырғанын мойындаймыз. Бұл салаға түріктер әу бастан-ақ басымдық беріп, әлемдік нарықты жаулап алған. Қытай да солай. Қырғызстан мен Өзбекстанда да жеңіл өнеркәсіп дамып кеткен. Ал Қазақстан өзінің барын бағалай алмай отыр. Қынжылтатыны, бар өндірістерді жауып, солардың орнын шетелдіктер өндірген тауарларды сататын алаңға айналдырғаны...

Қорыта айтқанда, жерінің асты мен үсті байлыққа толы елде тұрып, синтетикасы шамадан тыс, химиялық қоспасы нормадан артық, бояуы улы, денсаулыққа едәуір зиян келтіретін сапасыз тауарларды сатып алғаннан біз дамымаймыз. Отандық өнім қанат жайсын десек, бізге ең алдымен импортқа тәуелділікті жою керек. Ол үшін бұл салаға нақты бетбұрыс жасалуы тиіс. Жеңіл өнеркәсіпті қолға алатын мезгіл жеткен сияқты... Біз кімнен кембіз?

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

САПАСЫЗ ТАУАР САН СОҚТЫРМАСЫН

Қазақ – қонақжай халық. Үйіне келген қонақты құшақ жайып қарсы алудан ешқашан шаршаған емес. Маңыздысы, бұл дәстүр әлі де жалғасып келеді.

Менің анам да үйіне келген адамды бос қайтармайтын. Төрдегі қонағына әңгімесін айта жүріп, дастарханын әп-сәтте тәттілерге толтырып жіберетін. Сөйтіп, демде қызыл күрең шайын ұсынып жататын. Тіпті, сол шай беріп отырған аралықта қара қазаны бұрқылдап қайнап та үлгеретін. Ал қонағын қайтарарда анам «қуыс үйден құр шықпа» деген тәмісді ұстанып, тектіліктің үлгісін көрсететін. Өз басым, шаңырағымызға келген қонақтың құр қол қайтқанын көрмеймін.

Біреу «Жетісу» газетін парақтап отырып, сый-сияпат төңірегіндегі мына бір шағын мақаланы көзім шалып қалғаны бар. Оқыдым. Мақала авторы Құралбек Сабитов дәл осы қонаққа ұсынылып жататын сыйлыққа қатысты ойын жазыпты: «Үйіне келген қонақты құшақ жая қарсы алатындардың қарасы көп қазірде. Бар дәмдісін алдына қойып, ардақ тұтады. Кетерінде қазақтың ырымына сай сый-сияпатын да аямайды. Бірақ қазір қонақтың қолына қандай сый ұсынылады?! Жақында бір танысым қонаққа барып, сыйлық алып қайтыпты. Тарту ретінде көйлек берген екен. Қорабына қарасаң тап-тәуір дүние. Бірақ ішіндегісін көргенде, еріксіз күлдік. Күлкінің себебі, жейденің мойын өлшемі 44, көлемі кең, иығы кішкене, етегі шонтайып қыпқысқа болып тұр. Күлдік деймін-ау ол күлкінің астарында ыза тұрды. Бұған кім кінәлі? Осылай сын көтермейтін тауар арқылы өз кәсібін дөңгелетіп жүргендерге неге жол беруіміз керек?! Бұл сонда өз-өзімізді өзгелерге мысқылдатып қойғанымыз ба?

Досыма сый берген үй иесінің өзі де қандай зат алғанын білмейді, мүмкін оған да біреу сый ретінде берген болар. Біздің қазақ осындай аңғал мінезімен сапасыз дүниеге душар болуда. Ойланайық азайып, ойға алайық!»

Рас, қазір де бұл үрдіс қасиетті халықтың бойынан кете қойған жоқ. Қазақтың салт-дәстүрін бойына сіңірген, жөн білетін кез келген әйел бұл ырымды жақсы біледі. Сол себепті, қонағына «қуыс үйден құр шықпа» деп риясыз көңілмен сый-сияпат ұсынып жатады. Алайда, ол жазарыдағы сапасыз жейде секілді сыйлауға тұрмайтын зат болса ше? Үйден құр қол шықпаған адам әлгі сыйға көңілі толмауы бек мүмкін ғой. Мұндай «сыйлық» екі адам арасындағы өкпе-ренішті туғызып жатуы да гажан емес. Ендеше, бір-бірімізге сапасыз сыйлық ұсынып көңілімізге кірбің түсіріп алмайық...

«ҚУЫС ҮЙДЕН ҚҰР ШЫҚПА...»

Ыбырайым пайғамбар жалғыз отырып тамақ ішпейтін қонақжай кісі болыпты. Үйіне адам келмесе, далаға шығып, қонақ іздейді екен. Бір күні қызы:

– Әке, қашанғы біреуді күтіп отырсыз? Тамақ суып қалды. Іше беріңіз, – дейді. Сонда Ыбырайым:

– Қызым, ақыретте көрген қызық, ішкен-жегеннің бәрінің сұрауы бар. Көппен отырып, қонақпен бөліскен тағамның сұрауы болмайды. «Берген аста береке бар, бермеген аста біте бар» деген. Дос болсын, дұшпан болсын, асты бөлісіп же, – деп өсиет қалдырыпты.

Сонымен қатар, Ыбырайым пайғамбардың тағы бір жақсы әдеті болыпты. Ол үйге келген қонақты құр қол шығармайтын көрінеді. Келген адамға міндетті түрде тарту-таралғы беріп жөнелтеді екен. Мәнісін сұрағанға:

– Сен менің жай ғана қонағым болған жоқсың. Менің жүгімді жеңілдеттің, міндетімді бөлістің. Асымды жеп, берекемді молайттың. Бұл – сол үшін берілген ақы, – дейді екен.

Міне, сол Ыбырайым пайғамбардың заманынан бері қазақта «қуыс үйден құр шықпа», «қонақтың сыбағасы» сынды дәстүрлер тұрмысқа енген деседі.

P. S.

Мақалама арқау болған әлгі бір шолақ жейденің астарында үлкен мәселе тұр. Айтпағым, өзгенің сапасыз тауарымен бір-бірімізді алдағанша, өз елімізде де тап-тәуір дүниелер шығаруға болатыны, ол үшін жеңіл өнеркәсіп саласын дамытуды қолға алсақ деген ой...



● ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

ҚАРЖЫ БӨЛІНЕДІ, ҚАЙТАРЫМ АЗ...

Бұл мәселені Мәдениет және ақпарат министрлігі де мойындап отыр. Ведомствоның баспасөз қызметі биыл ақпан айында мемлекет қолдауымен түсірілген көркем, деректі, қысқаметражды және анимациялық фильмдердің тізімін жариялады. Оған тоқталатын болсақ, «Ұлттық киноны қолдау орталығы» жұмыс істеген 5 жыл ішінде 103 жобаға қаржы бөлінген, жалпы құны 19 млрд теңге тұратын түрлі жанрда 98 фильм түсірілген. Оның ішінде 42 көркем, 23 деректі, 25 қысқаметражды, 8 анимациялық фильм бар. Кинотеатрларға, телевизиялық және онлайн прокатқа тек 23 картина шыққан (көркем фильм – 20, деректі фильм – 3). 2023 жылға дейін түсірілген 27 фильм биыл көрсетілмек.

19 млрд теңге бөлінген кинотуындылардың қасалық жинақ көлемі небәрі 1,5 млрд теңгеге жеткен, бұл жұмсалған қаражаттан 12 есе аз сома.

«Прокатты ұйымдастыру үшін министрліктен прокат куәлігін алу ғана жеткілікті екенін ескеру қажет. Бірақ осыған дейінгі тәжірибе көрсеткендей, режиссерлердің көбі фестивальдар мен конкурстарға арнап фильмдер түсіреді немесе авторлық кино дайындайды. Осылайша өздерінің жеке шығармашылық амбицияларына басымдық беріп, көпшілік аудитория сұранысын ұмытып кетіп жатады. Қазақстандық көрерменнің әлі күнге дейін кей картиналарды көрмеуінің басты себебі – өндірушілер мен авторлардың прокатқа шығаруға деген ниетінің жоқтығы. Өйткені, олар өз қаламағысын жоба барысында-ақ алып қойған», – делінген министрлік хабарламасында.

Ведомствоның айыбы орынсыз емес. Мәселен, Ермек Тұрсыновтың «Тұрсыновфильм» ЖШС-ы 2019 жылдан 2021 жылға дейін «Бесмойнақ» толықметражды көркем фильмін шығаруға 500 миллион теңге көлемінде мемлекеттік қаржы алған. Бірақ фильм осы жылдың 14 наурызында ғана көрерменге жол тартты. Ал кинорежиссер Рашид Нұрғмановтың «Бату. Тарихи детектив» атты киносына 192 миллион теңге бөлінген. Жоба 2021 жылы аяқталса да, кинотеатрларда әлі көрсетілмеген. Ал қасалық жинақта 239 млн теңге бөлінген «Хирург» фильмі (режиссері Ардақ Әмірқұлов) 1,1 млн теңге, 900 млн теңге жұмсалған «Боксер» фильмі (режиссері Ақан Сатаев) 25 млн теңге, 500 млн теңгеге түсірілген «Жизнь» картинасы (режиссері Эмир Байғазин) прокатта 650 мың теңге ғана жинады. Сондай-ақ, «На старте» фильміне мемлекеттен 468,5 млн теңге бөлініп, прокатта бар болғаны 15,5 млн теңге немесе бюджеттің 3,3%-ын жинаса, 340 млн теңгеге түсірілген «Бүркіт» фильмі небәрі 254 мың теңге табыс әкелді. Жобаларды іске асыру үшін мемлекет бөлетін сомаға 10% мөлшерде режиссерлердің гонорары да төленгенін қоса кеткен жөн.

Дәл осындай жағдай мультипликация және анимация саласында да байқалады. 2019 жылдан бері жасалған анимациялық фильмдердің ешқайсысы қазақстандық көрерменге әлі күнге ұсынылмаған болып шықты. Мәселен, «ADAY Production» ЖШС-ның «Кенже қыз» туындысына 232,8 млн теңге бөлінген. «Ырысы Ақ Қазақстан» ЖШС таспалаған «Караван историй» мультфильміне 213,9 млн теңге көлемінде қолдау көрсетілсе, «Dala Animation» ЖШС-ның «Бесік жырына» 32,4 млн теңге берілген.

Қазақстандық кино-сериалдардың сапасы соңғы жылдары жақсарып келе жатыр. Соның нәтижесінде кей отандық фильмдер шетелдік кинотуындылармен тең бәсекеге түсіп, жақсы қасалық табысқа да жетіп жүр. Дегенмен, табысы жоғары болған кинолардың көпшілігі жеке қаражатқа түсірілген комедиялар. Ал мемлекеттің көмегімен қомақты қаражатқа түсірілген фильмдер көрерменнің көңілінен шықпай, 1-2 аптадан кейін кинотеатрлардың прокатынан түсіп қалып жатады. Мұндай фильмдер бөлінген қаражатты бюджетке еселей қайтаратын қасалық табысты кинолардың тізімінде мүлдем жоқ деуге болады.



Коллажы жасаған Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ.

«Жеке кинокомпаниялар өздерінің кинокартиналарын одан әрі прокатқа шығару мен тарату мәселесіне бей-жай қарайды, бірақ басқа жобалар арқылы кино орталығының ашық конкурстарына қатысуды жалғастыруда және мемлекеттік қолдауға ие болып жатыр. Байқаудан өтпеген жағдайда олар наразылық көрсетіп, жобаларды таңдаудағы объективтілік пен ашықтыққа күмән келтіреді, кинематографистерді митингке шығарамын деп қорқыту арқылы конкурс нәтижесін өз жағына бұрғысы келеді», – деп мәлімдейді Мәдениет және ақпарат министрлігінің баспасөз қызметі.

«Фильм өндірісі 2022 жылдың соңында аяқталып, «Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығына» тапсырылды. Картина ұлттық фильмінің куәлігін алды. Қаржылық және өндірістік есептер бойынша шағымдар болған жоқ. Бірақ пандемия әсерінен фильмінің өндірістік мерзімі созылды. Ал кинофильмнің прокатқа шығуы бірқатар объективті жағдайларға байланысты ұзап кетті. Ол – продюсердің болмауы, кино орталықтың стратегиясындағы қателіктер және т.б. 2023 жылдың наурыз айында Астанада министрлік өкілдері мен өзге де шенеуніктер қатысқан «Бесмойнақ» фильмінің жабық көрсетілімі өтті. Нәтижесінде басшылық фильмді жарнамалауға және ұйымдастыруға қолдау көрсетеміз деп уәде берді. Министрлердің, басшылардың ауысуынан уәде сол күйінде қалып қойды», – дейді Ермек ТҰРСЫНОВ.

Дегенмен, аталмыш кинотуындылардың режиссерлері өздеріне тағылған айыппен мүлдем келіспейді. Олардың бірі жарнама дұрыс жасалмады десе, екіншілері фильмдерді мемлекеттің өзі прокатқа шығармай отыр деп ақталады.

468,5 миллион теңгеге түсірілген «На старте» фильмінің режиссері Ернар Нұрғалиев бұл картинаның жауапты режиссері алғашында ресейлік маман болғанын айтады. Оның айтуынша, карантин кезінде шетелдік маман келе алмағандықтан, шұғыл түрде оған өтініш түскен.

«Олар шұғыл түрде фильм түсіріп, белгіленген күні бойынша тапсыруы керек еді. Мемлекетке карантиннің бар-жоқтығы маңызды емес, олар өнімді алуы керек. Сондықтан маған хабарласып, кино түсіруді өтінді. Мен келістім. Бірақ басшылық маған сценарий мен кино құрылымын өзгертуге мүмкіндік бермеді. Мен көрерменге не ұнайтынын, не ұнамайтынын білемін, сондықтан көмектескім келді. Идеяны жақсырақ және қызықты етіп өзгертуді ұсындым. Бірақ олар келісілген жүйе бойынша түсіру керектігін айтып, рұқсат бермеді», – деп атап өтті Ернар Нұрғалиев.

Айтылған мәселелерді ескере отырып Мәдениет және ақпарат министрлігі енді конкурстық іріктеу кезінде фильм авторлары мен кинокомпаниялардың көрерменге көрсетілген жобасының сапасы мен нәтижесі ескерілетінін мәлімдеді. Сондай-ақ, ведомство қазір жағдайы ақсап тұрған «Қазақфильм» мемлекеттік киностудиясына барлық қажетті көмек көрсетілетінін жазды.

««Қазақфильмге» кино орталығының конкурсына қатыспай-ақ, қаржылық қолдау көрсету – ұлттық киноны қолдау үшін қажетті қадам болар еді. Бұл студияға мемлекеттік тапсырмаларды іске асыруға, сапалы фильмдер шығаруға және Қазақстан мәдениеті мен тарихын ілгерілетуге мүмкіндік береді. «Қазақфильмнің» тұрақты жұмыс істеуі ұлттық және

халықаралық стандарттарға сәйкес келетін сапалы фильмдер шығаруға көмектеседі. Бұл қазақстандық кинематографияның әлемдік аренадағы орнын нығайтуға және дарынды қазақстандық кинематографистердің жолын ашуға мүмкіндік береді», – деп хабарлады ведомство.

Айта кеткен жөн, Алматыда орналасқан еліміздің жалғыз ұлттық киностудиясы ақпан айында жаңа киноөндіріс маусымын ашып, алдағы жоспарларымен бөліскен болатын. Іс-шара барысында жаңа 9 киножоба таныстырылып, оның 5-еуі мемлекеттің көмегімен түсірілетіні айтылды. «Капитан Байтасов», «Шыр-мауық», «Соңғы парыз», «Здравствуй, добрый человек» картиналары «Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығының» қаржыландыруымен, ал «Болмаған балалық шақ», «Мама», «Зейін», «Жабайы», «Сказ о розовом зайце 2» фильмдері мемлекет көмегімен түсіріледі деп жоспарланған.

– «Қазақфильм» 9 кинотуындыны таныстырды. Оның бесуі бір тиынсыз түсіріледі. Біз «Қазақфильм» де осындай дүниелерді түсіре алатынын көрсеткіміз келеді. Биыл 9 кино болса, келесі жылы 15-ке жеткізуге тырысамыз. Одан кейін 20 болады. Бірақ басты мақсат сан емес, сапа, – деп «Қазақфильм» ұлттық киностудиясының директоры Азамат САТЫБАЛДЫ ой бөліскен болатын.

Сонымен қатар, жақын күндері Шәкен Айманов атындағы «Қазақфильм» ұлттық киностудиясы Nomad Stunts халықаралық каскадерлер тобымен келісім-шарт жасады.

● ТҮЙІН:

Тиісті ведомство тарапынан кинофильмдерді қолдау мен қаржыландыру бағытындағы кемшіліктерді мойындау – бұл мәселенің шешілуіне жасалған бірінші қадам болды. Ендігі кезекте бұрынғы қателіктерге қайта жол берілмей, сапалы кинотуындылардың саны артады, әлдекімдердің қалтасын қамптып, тек есеп-кисап үшін түсірілетін картиналарды қаржыландыру болмайды деп сенеміз. Оған қоса, «Қазақфильм» ұлттық киностудиясындағы оң өзгерістердің осы күйі тоқтап қалмауын, жаңа «Қыз Жібек», «Менің атым Қожа» сынды ұлттық классикаға айналатын туындылар жарық көруін тілейміз.



Бетті әзірлеген
Досбол АТАЖАН.



SCIJ

ШЫМБҰЛАҚ

шаңғышы журналистерге толды



Шымбұлақта SCIJ (The Ski Club of International Journalists) Халықаралық шаңғышы журналистер клубының 69-отырысы ашылды.



**Айнабай
МӘДИ**

Биыл Қазақстан ұйымдастырушы ел ретінде әлемнің 30-ға жуық елінен 150 журналисті қабылдауда. Жиынды Қазақстан Республикасы Туризм және спорт вице-министрі Серік Жараспаев ашты.

«Бүгін сіздерді ерекше іс-шара – Халықаралық шаңғышы журналистер клубында қарсы алғанымызға қуаныштымыз. Бұл іс-шара түрлі елдердің кәсіпқойларын біріктіру үшін ғана емес, сонымен қатар еліміздің керемет жерлерімен танысуға бірегей мүмкіндік беру үшін жасалған», – деп мәлімдеді вице-министр.

Наурыздың 3–10 аралығында қатысушыларға тау-шаңғы бойынша жаттығу мен жарыстар, кәсіби тақырыптағы пікірталас, пайдалы кездесу ұйымдастырылып, Қазақстанның мәдениетімен танысып, ұлттық тағамдардан дәм татады. SCIJ кезекті кездесуінің бас серіктесі – «Kazakh Tourism» ұлттық компаниясы. Іс-шара Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен Шымбұлақ тау курортының 70 жылдығы аясында өтуде.

Клубтың жыл сайынғы отырысы халықаралық журналистер қауымдастығының нығаюына септігін тигізіп қана қоймай, ел туризмінің дамуына да әсер етеді. Сондықтан әлемнің түкпір-түкпірінен келген қонақтарды қарсы алу арқылы Қазақстан өзін перспективті тау-шаңғы бағыты ретінде көрсетуге мүмкіндік алды. Мұны «Kazakh Tourism» басқарма төрағасының орынбасары Даниель Сержанұлы да қонақтарды құттықтау сөзінде атап өтті.

«Ұлттық туристік компания ретінде біз халықаралық журналистердің назарына еліміздің кереметтерін паш ету құрметіне ие болдық. Бұл басқосу елімізде және одан тыс жерлерде қысқы туризмді дамытуға зор үлес қосады

деген сенімдеміз. Осы іс-шара барысындағы идея, тәжірибе мен білім алмасу Қазақстанның қысқы спорт түрлері мен туризмінің болашағын қалыптастыруға тұрақты түрде әсер ететіні сөзсіз», – деді төраға орынбасары.

Қазақстанның SCIJ-дегі тарихы 2012 жылдан бастау алады. Сол жылы еліміз Түркиядағы клубтың жыл сайынғы отырысына қонақ ретінде алғаш рет қатысқан болатын. Ал 2013 жылдан бастап үш адамнан тұратын қазақстандық команда Италияда өткен жиында SCIJ-ке ресми түрде қабылданды. SCIJ Kazakhstan клубы құрылғаннан бергі 10 жылда қатысушы саны 48 адамға дейін жетті.

Кездесуді өткізуші – SCIJ клубының бас серіктесі Қазақ туризм ұлттық компаниясы. Клубтың серіктестері сапында Алматы туристік бюросы мен «Шымбұлақ» тау курорты бар. Қазақстандық клубтың негізгі мақсаты – белсенді өмір салтын насихаттау, журналистер арқылы халықты қысқы спорт түрлеріне тарту, халықаралық аренада Қазақстанның туристік әлеуетін насихаттау, сондай-ақ қатысушы-журналистер арқылы бұқаралық ақпарат құралдарында еліміздің жетістіктері туралы ақпарат беру.

КЕРЕК ДЕРЕК

- SCIJ халықаралық шаңғышы-журналистер клубы өз жұмысын 70 жылға жуық атқарып келеді.
- Аталған клуб 31 елдің 3 мыңнан астам журналисін біріктіреді.
- Клубтың президенті канадалық Фредерик Уоллас, ал бас хатшысы бельгиялық Бруно Шмитц.
- SCIJ 1955 жылы қырғи-қабақ соғыстың қызған шағында құрылса да, бұл клубтың негізін қалаушы, шаңғышы әрі журналист Жиль де Ла Рок: «Үкіметтер арасындағы келіспеушілік журналистер мен спортшылардың еркін қарым-қатынас жасауына кедергі болмауы керек» деген идеяны алға тартты. Кейіннен бұл SCIJ ұранына айналды.
- Клуб кәсіби және спорттық мүддеге негізделген журналистер арасындағы байланыс пен өзара әрекеттестікті кеңейтуге ықпал ететін болады.



ПАРИЖ – 2024

ОЛИМПИАДА ЖОЛДАМАСЫН ТАҒЫ КІМ АЛАДЫ?

Олимпиадаға аттанатын спортшыларымыздың қатары Италияның Бусто-Арсицио қаласында бокстан өткен әлемдік жарыстан кейін тағы 5 лицензиямен толықты.



**Досбол
АТАЖАН**

Париж олимпиадасының лицензиясы үлестірілген турнирге Қазақстан құрамасының 11 боксшысы (6 ер, 5 әйел) қатысқан болатын. Жарыс нәтижесі бойынша Франция астанасында өтетін төртжылдықтың басты додасына Токио олимпиадасының қола жүлдегері, әлем чемпионы Сәкен Бибосынов (51 кг), әлем чемпионы Сабырхан Махмұд (57 кг), әлем және Азия чемпионы, ұлттық құрама капитаны Асланбек Шымбергенов (71 кг), әлем чемпионы Нұрбек Оралбай (80 кг) және 2018 жылы Аргентинаның Буэнос-Айрес қаласында ұйымдастырылған жасөспірімдер олимпиадасының жеңімпазы Айбек Оралбай (92 кг) жолдама жеңіп алды. Өкінішке қарай, әйелдер құрамасы лицензияға қол жеткізе алмады.



Қазіргі уақытта Қазақстан спортшылары 24 олимпиада лицензиясына ие. Дегенмен, бұл тізімді әлі толықтыруға мүмкіндік бар. Соның бірі – 15-16 наурыз аралығында Қытайдың Тайань қаласында өтіп жатқан таэквондодан Азия аймақтық іріктеу турнирі. Мұнда жеңіске жеткен спортшыларға Парижге жолдама беріледі. Құрлық додасында 33 елден келген жалпы есебі 96 спортшы қатысады. Қазақстан бұл додаға төрт спортшыны қосып отыр. Олар: Батырхан Төлеуғали (80 келі), Самирхон Абабакиров (58 келі), Мария Севостьянова (57 келі) және Жансель Дениз (+67 келі). Таэквондошыларымыз өз салмақтары бойынша Тайаньдағы турнирдің финалына шығатын болса, лицензияға ие болады.

Сондай-ақ, олимп шыңына шығу мүмкіндігі отандық гимнаст Нариман Курбановта бар. Спорттық гимнастикада өнер көрсететін спортшымыз гимнастикалық ат снаряды бойынша лицензиялық әлем кубогының үш кезеңінен соң 66 ұпаймен екінші орында келеді. Ал олимпиада жолдамасы төрт әлем кубогының қорытындысы бойынша жалпы есепте алғашқы екі орынға ие болған спортшыларға беріледі. Айта кеткен жөн, Нариман 66 ұпаймен екінші тұрса, тайпейлік Ли Чи Кай үшінші, ал иорданиялық Абу Ахмад бірінші келеді. Енді олимпиада жолдамасының тағдыры 13–21 сәуір күндері Дохада өтетін соңғы әлем кубогында шешіlmek. Курбанов бұл жарыста жүлделі үш орынның біріне ие болса, олимпиадаға баратын спортшылардың қатарына қосылады.

Парижде бақ сынауға теннисшілеріміздің де мүмкіндігі бар. Биылғы олимпиадада теннис бойынша дәстүрлі 5 жарыс түрі болады, оған 172 квота беріледі. Әр елдің Ұлттық олимпиада комитеті 12 квотаға (6 ер, 6 әйел) дейін ала алады. 2024 жылдың 10 маусымында жаңартылған АТР және WTA рейтингтері бойынша дүниежүзілік жарысқа жолдама алатын теннисшілердің көпшілігі анықталады. Қазіргі уақытта қазақстандық теннисшілер арасында жекелей сында Александр Бубликтің, Елена Рыбакина мен Юлия Путинцеваның, жұптық сында Александр Недовесовтың және Анна Данилинаның жолдама алуға мүмкіндігі бар.



«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне 2024 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2024 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 536,12 теңге, 3 айға – 1608,36 теңге, 6 айға – 3216,72 теңге, 10 айға – 5361,2 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 736,12 теңге, 3 айға – 2208,36 теңге, 6 айға – 4416,72 теңге, 10 айға – 7361,2 теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)
1 айға – 336,12 теңге, 3 айға – 1008,36 теңге, 6 айға – 2016,72 теңге, 10 айға – 3361,2 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

Құрметті оқырмандар!

«Алматы ақшамы» газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді **Post.kz** сайты арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн режимде ресімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы «Алматы ақшамы» газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте ресімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет.

Жазылу индекстері мен жазылу құны «Алматы ақшамы» газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең.
Газет **Post.kz**-пен ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі. Қызмет **24/7** қолжетімді.

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

САУАПТЫ ІС ЖАСАЙЫҚ!

Осынау үркердей топтың жасап жүрген тірлігіне қарап еріксіз сүйсінесіз. Ерікті жастардан құралған «Qazdobro KZ» талай сауапты іске бастамашы болса, ораза басталғалы жұмыстары тіпті қыза түсті. Өйткені, еріктілер тобын күтіп отырған отбасылар өте көп.



– Бірде Рысқұлов пен Сейфуллин көшелерінің қиылысында бөліш сатып тұрған кішкентай баланы кездестірдік. Иығындағы ыдысы өзінен үлкен. Баланы тоқтатып, жөн сұрастық. Айтуынша, анасы үйде бөліш пісіріп, баланың оны саудаға шығарған беті екен. Осы кәсіппен пәтеракысын жинайтын сыңайлы. Саудасы жүрсін деп, барлық бөлішін сатып алдық. Сондағы баланың қуанышын көрсеніз. Осы бір сәттің өзі біздің өмірімізге қатты әсерін тигізді. Өзімізше еріктілер тобын құрып, қалтамызда қанша ақша бар, ортаға салдық. Әп-сәтте 15 мың ақша жиналды. Сол жолы жиналған қаражатымызды түгелдей балалар үйіне апарып бердік. Осыдан кейін тұрақты жұмысқа кірістік деуге болады. Алғашында, яғни 2018 жылы біздің қатарымыз санаулы ғана болса, қазір өте көппіз. Қамқорлығымызға алып, қайырымдылық көрсетіп жүрген 120 отбасы бар. Оларға үш ай сайын күнделікті пайдаланатын азық-түлік жеткізіп береміз. Көмекке мұқтаж жандардың саны кейде көбейіп, кейде тіпті азайып жатады, – дейді ерікті топ мүшесі Самал Әбсаттарқызы.

– Осынау сауапты жолға бізді жүректегі иман жетеледі, – дейді еріктілер Гүлсім Серікбайқызы мен Төлеген Адамов.

Жалпы, ерікті жастардың басын қосып, топ болуына Тимур Эрікұлы есімді белсенді жігіттің еңбегі көп сіңген еді. Осы азаматтың арқасында жалғызділікті қарияның 80 жылдығы атап өтілсе, талай отбасы қыстың құрсауынан аман шықты. Отын-су мәселесін шешіп, азаматтық танытты. Бір атап өтерілігі, бұл жастардың барлығы өз еңбегімен күн көріп жүрген қарапайым азаматтар. Араларында қалталы, кәсіпкерлер жоққа тән.

Рая ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.

ӘКІМШІЛІК ПРАКТИКАСЫ

Алматы қаласы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті қолданыстағы заңнамада көзделген әкімшілік іс жүргізуді қозғау бойынша жұмыс жүргізуде.

2024 жылдың басынан бастап департаментпен 289 әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғалды. Салынған айыппұлдар сомасы 31 354 310 теңгеге тең, өндіріп алынған айыппұлдар сомасы 31 335 850 теңгені немесе 99,9% құрайды. Жүргізілген талдау негізінен әкімшілік іс жүргізудің құрамы мемлекеттік сатып алу саласындағы бұзушылықтар (заңда көзделмеген негіздер бойынша Мемлекеттік сатып алу рәсімін қолданбай шарттар жасасу не өнім берушілерді Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы сотқа талап-арыздарды уақытылы қолданбау) болып табылатынын анықтады.

Қазіргі уақытта департамент Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 810 және 811-баптарына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша қысқартылған іс жүргізуді толық көлемде жүзеге асырады. Бұл әкімшілік іс жүргізу қозғалған адамға санкцияда көрсетілген соманың елу пайызы мөлшерінде айыппұл сомасын жеті тәулік ішінде төлеуге мүмкіндік береді.

Қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарландыру

«Алматы электр станциялары» АҚ ҚР ЭК 96-бабының талаптарына сәйкес, 2024 жылдың 18 сәуірінде сағат 11.00-де «Алматы қ., Әуезов ауданы, Төле би көшесі, 308 мекенжайындағы «АлЭС» АҚ Батыс Жылу Кешенінің аумағындағы №3 АБК ғимаратында орналасқан акт залында (7-кабинет) «2-ЖЭО-БЖК жылу магистралін толық ауыстыру арқылы қайта жаңғырту» жобасының Қоршаған ортаны қорғау бөлімі бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулардың өтетінін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық <https://ecoportal.kz/> порталында, сондай-ақ Алматы қ. Экология және қоршаған орта басқармасының сайтында танысуға болады. Учаскенің географиялық координаттары – 43.2389 с.е. ендік және 76.8490 ш.б. және әсер ету аймағының географиялық координаттары Алатау ауданы – 43.3004 с.е., 76.8353 ш.б., Әуезов ауданы – 43.2266 с.е., 76.8452 ш.б.

Барлық ескертулер мен ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталда қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей, сондай-ақ Алматы қ., Республика алаңы, 4 мекенжайы, +7 777 068 56 38 тел., u.prip@almaty.gov.kz электрондық мекенжайы бойынша қабылданады.

Төтенше жағдайдың және (немесе) шектеу іс-шараларының, оның ішінде карантиннің, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы ТЖ-ның енгізілуі жағдайында қоғамдық тыңдаулар онлайн-режимде өткізіледі.

Белсенді сілтеме Бірыңғай экологиялық порталда және Алматы қ. Экология және қоршаған орта басқармасының сайтында ұсынылатын болады.

Онлайн қосылым сілтемесі: <https://us05web.zoom.us/j/5605704660?pwd=VnZYL3N6QVp0d1lSWXNwZ05GNjI1dz09>, идентификатор конференция: 560 570 4660, код достуға: 7KLer7.

Бастамашының деректемелері: БСН 060640001713, Алматы қ., Медеу ауданы, Достық даңғылы, 7, байланыстағы тұлға: Арзюкова Зоя e-mail: zarzyukova@ales.kz, 8 (727) 254-03-27, 254-03-29.

Өзірлеушінің деректемелері: «Институт «КазНИПИЭнергопром» АҚ, заңды мекенжайы: Алматы қ., Абылай хан даңғылы, 58 А, БСН 910840000078, байланыс тұлғасы: Юлия Нестерова, e-mail: u.nesterova@knp.kz, 8 701 210 98 00.

Қосымша ақпаратты zarzyukova@ales.kz электрондық мекенжайы және 8 (727) 254-03-27, 254-03-29 телефондары арқылы алуға болады.

«Lemon Land Lombard» ЖШС 2024 жылғы 6 мамыр, сағат 9.00-де Алматы қаласы, Төле би көшесі, 251 А, 1-кеңсе, өтелмеген кепіл мүлкінің сатылуы өтеді: пайдаланылған алтын бұйымдар (сырғалар, сақиналар, білезіктер, шыныжырлар, мойынтұмарлар, алқалар). Лоттар саны – 853 дана.

Төлем тәртібі мен мерзімі, сондай-ақ төлем реквизиттері: сатып алу-сату шартының талаптарына сәйкес. Өтінімдерді «Lemon Land Lombard» ЖШС мекенжайы бойынша жіберу керек: Алматы қ., Төле би к-сі, 251 А, 1-кеңсе немесе land@lmm.kz электрондық поштасы бойынша 2024 жылдың 4 сәуір, сағат 18.00-ге дейін. Сауда-саттықты өткізу әдісі – голландтық. Бағаны өзгерту қадамы – 2%.

Сатылым туралы қосымша ақпаратты +7 707 100 90 10 телефоны бойынша алуға болады.

«Lemon LOMBARD» ЖШС 2024 жылғы 6 мамыр, сағат 9.00-де Алматы қаласы, Әуезов көшесі, 181, 17-п., өтелмеген кепіл мүлкінің сатылуы өтеді: пайдаланылған алтын бұйымдар (сырғалар, сақиналар, білезіктер, шыныжырлар, мойынтұмарлар, алқалар). Лоттар саны – 853 дана.

Төлем тәртібі мен мерзімі, сондай-ақ төлем реквизиттері: сатып алу-сату шартының талаптарына сәйкес. Өтінімдерді «Lemon LOMBARD» ЖШС мекенжайы бойынша жіберу керек: Алматы қ., Әуезов көшесі, 181, 17-п. немесе lemon@lmm.kz электрондық поштасы бойынша 2024 жылдың 4 сәуір, сағат 18.00-ге дейін. Сауда-саттықты өткізу әдісі – голландтық. Бағаны өзгерту қадамы – 2%.

Сатылым туралы қосымша ақпаратты +7 707 117 90 10 телефоны бойынша алуға болады.

«BP Law Company» ЖШС Президенті Балиева Зағипа Яхяңқызы «Respublica» партиясы ҚБ Төрағасы Айдарбек Асанұлы Ходжаназаровқа әкесі **Асан ТҰРЛЫБЕКҰЛЫНЫҢ** өмірден өтуіне байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«ALATAU AQPARAT» ЖШС ұжымы белгілі тележурналист Ұлбосын Айтөленге жолдасы **Әбдір Темірғалыұлы АМАНҚҰЛОВТЫҢ** өмірден озуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Алмалы аудандық Ардагерлер кеңесінің белсенді мүшесі Көпбосын Панзабекке туған інісі **Төрбек ПАНЗАБЕКОВТЫҢ** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Куаныш ДЮСБАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail: rekalatauaqqarat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail: rekalatauaqqarat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағынбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына: +7 707 862 30 08 телефондары арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз

Almaty
AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail: alatauaqqarat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, жұма күндері шығады. Апталық таралымы – 18 412

Кезекші редактор – Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді.

Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.

Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.



ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

ҚИСЫН

ҰЛУ МА, ҰЛЫМА МА?

Өткен жолғы пайымымызда Ұлудың жыл атауына қалай айналғаны, бұл сөздің қазақ ұғымына жақын жанаса бермейтіні төңірегінде айтатын деген едік... Жоғарыда айтқанымыздай, наурыз айының 14-інен бастап Ұлу жылы кірді. Ежелден бабаларымыздың болжауынша, әр жылдың өзіне ғана тән ерекшелігі бар. Дана халқымыз әрбір жылға тек жақсылық пен құт-береке әкеледі деп сеніммен қарап, үкілі үмітпен болжам жасап отырған. Ұлу жылын «Ұлы жыл», «Үлгілі жыл» деп ерекше қастерлеп, құтты жылдың санатына қосқан.

Дегенмен, қастер тұтатын өзге дүниелеріміз тұрғанда, «Ұлу біздің жыл санауымызға қалай еніп кеткен?» деген ой жиі мазалайды. Зерттеп, зерделеп жүрген ғалымдардың айтуынша, ежелгі көшпенділер хайуандық күнтізбесіне қытайлардан қабылдап алған көрінеді. Дегенмен, кемшіліксіз көшірілген дей алмаймыз.

Айталық, Қытайда Маймыл жылы, қазақтарда Мешін жылы деп аталады. Ал Ұлу жылының санаққа кіруі туралы екі болжам бар. Біріншісі, табиғатқа тәуелді көшпенділер көбіне жазы қуаңшылық болып, қысы жұтпен есте қалған Қоян жылынан кейінгі келетін жылға жауын-шашын мол болсын деген ырыммен сулы жерде өмір сүретін ұлудың атын берсе керек. Екінші болжам, қытайлар айдаһарды «лүн» деп атайтын көрінеді. Ұлу сөзі осы «лүн» сөзінен шығуы ықтимал деген пікір.

Ұлу жылын ұйғыр, түрікмен және Қазақстанның кейбір оңтүстік аудандарында тұратын қазақтар Балық жылы деп те атайды. Ұлуды кейбір халықтар айдаһар немесе темсақ десе, кейбіреулері кішкене құс деп есептейді. «Ұлу – қасқыр» деген пікір де жоқ емес. «Ұлудың басына ақ құяды» деген қисынсыз, күлкілі долбар сөзді де естиміз. Бұл сонда не болғаны? Қазақ жыланның басына ақ құйып шығармайтын ба еді? Ұлудың қазақ мүшелімен аса қабыспайтыны осыдан-ақ көрініп тұрған жоқ па?

Шор, хакастар, сахалар, қырғыздар сол ұлыманы «ұлу» деп айтады екен. Және жай айтпай «у-л-уу» деп «ұлы» айтады. Сонда ұлу жылы деген ұлыма болып шыға келмей ме? Қасқыр – түркінің анасы! Жұртта қалған баланы емізген... Сондықтан қазақ жыл санағында қасқырды қалдырып кетуі ақылға сыймайды. Көк түріктің анасы Көкбөрі болса, қазақ анасын ұмытатын халық емес қой... Осы маңызды мәселені жүйелейтін уақыт болған сияқты.

...Алматыда кешелі бері толассыз жауған қар тұрғындарды біраз әбiрге салды. Тұрғындардың кейбірі жұмысқа кешiкке, жастар жағы қар атысып ойнап жүр. Қалада қар қалың түскендіктен, 10 балдық көлік кептелісі пайда болды. Салдарынан тұрғындардың басым көпшілігі жұмысына кешікті.



(Сурет ашықдерекекөздерен алынды).

Наурыз айының 20-сынан 25-іне дейін жалғасатын амал бар. Оны «Әбдікей амалы» деп атайды. Басқаша аталуы – сиырдың «ораза ұстауы». Амал кезіндегі ауа райының ерекшелігі: қалың қардың шеті сөгіліп, еріп, су ағады. Жер астындағы тоң жібі бастайды, далада қалған мал, адам үсіп өлмейді. Қардан аққан суға торғай шомылатындай болса, жаз ерте шығады деп, қардан аққан су мардымсыз болса, жаз жай шығады деп есептейді. Мұз астындағы судан қанып іше алмаған сиырлар еріген қар суына қанып, қардан шыққан көлденең шөпке тойып, арқасын күнге тосып, бірнеше сағат жайылмай тұрады, міне, бұл сиырдың «ораза ұстауы» деп аталады.

Алдағы аптада (15–22 наурызда) күн жылы қалпын сақтайды. Тіпті, бұрынғыдан бетер ысуы мүмкін. Бірақ жауын-шашын болатынын жокқа шығаруға болмайды. Қоян жылы шығып, Ұлу жылы кіретін болғандықтан ауа райында өзгеріс болуы заңды құбылыс.

мерекесін бастайды. Наурыздың 17-інен «Бес қонақ» амалы кіреді. Бір күн боран, бір күн сырғыма, тағы бір күн қатты жел болып, бес күнге созылады да, 21-і күні бітеді. Ертеңіне Самарқанның көк тасын еріткен, Жер-Ананың төсін иіткен Наурыз мерекесі келеді.

БАБАЛАР БОЛЖАМЫ

КӨКТЕМДЕ:

- * Күн ерте күркіресе, мол жауын-шашынның белгісі.
- * Ай қораланса, бұршақ немесе жаңбыр жауады.
- * Қоқиғаз ескі ұясына жұмыртқаласа, құрғақшылық болады, ұясын жөндеп, жаңаласа, жаңбырлы болады.
- * Алғашқы жаңбырда күн күркіресе, шөп қалың өседі.
- * Ұзақ қарға алдымен келсе, көктем тез шығады.
- * Ал сарыала қаз ерте келсе, көктем созылады.
- * Қар суы торғай шомылатындай болса, жаз ерте шығады, су мардымсыз болса, жаз жәй шығады.

ӨМІРДІҢ ӨЗІ

КӨҢІЛДІҢ КЕЙЫР СӘТТЕРІ

АРМАН

Бірінші курста оқып жүрген кезім. Қыс. Маған «сенің етің тірі, балалар үйінде өтетін мерекелік кешке Аяз ата боласың» деді кураторым.

Бір-екі шумақ тақпақ жаттап алдым. Ойын үйрендім. Аяз атаның тонын кидім, сақал жапсырдым. Міне, дайынмын деп ойладым.

Балалар үйіне кіріп келгенімде, мені көрген жеткіншектер: «Бұл өтірік Аяз ата!» деп шу ете қалды. Қатты састым. Мандайымнан суық тер бұрқ етті.

Сыйлықтар тарататын уақыт келгенде әр бала дайындап қойған тақпағын оқып, маған таяп келіп, кішкентай жүрегіндегі арманын айтып, құлағыма сыбырлап жатыр. Бәрі дерлік «Келесі жылы анам, не әкем табылса екен немесе сіз тауып беруге көмектессеңіз» деп сыбырлап кетіп жатты.

Ертеңгілік аяқталғаннан кейін мен ұзын дәлізде отырып алып темекімді үнсіз құшырлана сорып, егіліп жылай бердім, жылай бердім.

ҚУАНЫШ

Балалар үйіне жиі баратынымын. Ондағы өрендер маған көп нәрсе үйретті, мен олардан көп нәрсе алдым. Бірақ мына бір көрініс көз алдымда мәңгіге қалып қойыпты. Дәлізде отырған едім. Он жақ бұрыштан бала жетектеген әйел көрінді. Балалар үйіндегі ұлын көріп кетуге келген ана сияқты. Әйел баласына сыйлық ретінде бір дорба «Роллтон» кеспесін ұсынып жатты. Сондағы балақайдың қуанған, бақыттан балбұл жанған жүзі әлі көз алдымда тұр. Ол кеспеге емес, жанында анасының тұрғаны үшін қуанған болатын.

Ал біз ше? «Айфон» әпермедің деп жанжал шығаруға дайынбыз...

Отбасы – осынау ғаламдағы ең маңызды құндылық. Бірақ өмірде «ана», «әке» деп те айтып көрмеген жәудіркөз балалар да бар. Балалар үйіндегі тіршілік-тен сыр айтатын шағын әңгімелер топтамасын ұсынып отырмыз.

СЫҢАРЫМ

Сыңарым екеуміз тұлдыр жетім қалып, 5 жасқа дейін балалар үйінде тәрбиелендік. Содан кейін екеумізді екі отбасы асырап алды. Ағам туралы көп нәрсе есімде жоқ, бірақ біздің ең соңғы күніміз әлі күнге есімде: біз үлкен ойыншықтар қорабына тығылып қалып, енді қалай өмір сүретінімізді айтып, жылағанбыз. Болашақта кім болатынымызбен де бөлістік. Және де жігіт болып өскенде бір-бірімізді қалайда тауып аламыз деп уағдаластық.

Жылдар жылжып жатыр. Балалар үйінен бізге ешкім ақпарат бермейді. Әлі жассыңдар дейді. Қазір сонау ойыншықтар салатын қорап ішінде отырып армандаған «теңіз биологы» мамандығын алсам деп жүрмін. Мектепті бітіріп алайын әзірше. Сосын міндетті түрде ағамды тауып аламын. Табатыныма сенемін. Маған осынау өмірде басқа ешнәрсе керек емес!

БЕЙКҮНӘ

Қайырымды жандар Сәбилер үйіне сыйлықтар апару керек болды да, маған көлігіңізбен жеткізіп салсаңыз деп өтініш айтты. Тек тасымалдаушы адам ретінде барғанымды ұмытып кетіп, сүйкімді балдырғандармен мен де ойнап кеттім. Бәрі үстімізге шығып, мойнымызға отырып алып, шат-



(Сурет ашықдерекекөздерен алынды).

шадыман күй кешті. Сыңғырлаған күлкілері тап-таза. Кішкентай бүлдіршіндердің қуанышын, бақытты сәтін, біздің келгенімізге риясыз қуанған жанарларын көрсеңіз ғой! Үйге келген соң бейкүнә періштелер көз алдымнан кетпей, бүкіл кеш бойы өкіріп жылағаным-ай! Мен енді сол балаларға қолымнан келгенше көмектесіп тұрамын деп шештім.

ҰЛЫМ

Теміржол вокзалында тіленші болып күн кешіп жүрген кір-қожаалақ 12 жасар баланы алып келдім үйге. Балалар үйінен қашып кеткен екен. Адасып қалыпты. Өуелі тамақ беріп, қарнын тойдырып, сосын жақсылап жуындырып, таза киімдер кигіздім. Оның ақылды және мұнтаздай таза бала екенін байқадым.

Балалар үйіне жетектеп апарып тапсырдым. Демалыс күндері барып тұруға, арасында үйге алып кетіп жүруге келістік. Уақыт өте келе ол менің үйімде бір аптаға қалып қойып жүрді. Екеуміз кез келген тақырыпта дос секілді әңгімелесе береміз. Достарым мен таныстарым «қайтесін,

жолатпа, шыққан тегінің қандай екенін қайдан білесің» деп айыптады да. Иә, сол уақыт аралығында бала екеуміздің арамелесте талай жанжал да, келіспеушіліктер де болды. «Сен менің әкем емессің!» деп бетімнен алған кездері де аз болған жоқ.

Көмелет жасына толып, төлқұжат алатын кезінде ол менің әкемнің аты мен фамилиямды жаздыртыпты. Мен жақсы ұл тәрбиелеспін.

АҚЫЛДЫ

Қайырымдылық мақсатта Балалар үйіне деп жиналған заттарды көлікке тиіп алып, сонда бардық. Қолымызда қызылды-жасылды ойыншықтар, тәттілердің түр-түрі. Балдырғандармен ұзақ ойнадық, әңгімелестік, бірге сурет салдық. Біз кетуге жиналып жатқанда, жаным 10-11 жасар қыз таяп келді де: «Сіздердің келгендеріңіз қандай жақсы болды! Маған бізге келетін үлкендердің бізбен тек суретке түсіп, сосын әкелген ойыншықтарын қайтып алып кететіндері ұнамайды. Осылай, сіздер сияқты бізбен ойнағандарыңызды жақсы көремін», – деді...

ЖҮРЕК

Бір танысым зейнетке шыққанға дейін Латвия перзентханасында ұзақ жылдар жұмыс істеді. Ол бірде әңгіме арасында баласы шетінеп кеткен әйелдердің құшағына сәбилер үйіндегі шешелері бас тартқан талай нәрестені салып бергенін айтқаны бар. Танысым қай баланың кімге берілгені туралы да тізім жасап жүріпті. Сонда 1963 жылдан 2005 жылға дейінгі 42 жыл ішінде ол 282 баланы жетімдіктен құтқарған. «Зан бұзғаныңыз үшін өкінбейсіз бе?» деген сауалыма «Әлі де талай жәудіркөзді құтқара алмағаным өкінемін» деп жауап берді.

Аударған
Нұржамал ӘЛІШЕВА.